

**«ҚазАвтоЖол» Ұлттық Компаниясы»  
Акционерлік қоғамы**

2019 жылдың 31 желтоқсанында  
аяқталған жыл ішіндегі  
қаржылық есептілік

## Мазмұны

Басшылықтың 2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша қаржылық есептілігін дайындау және бекіту үшін жауапкершілігі туралы мәлімдемесі	3
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі	4-6
Қаржылық жағдай туралы есеп	7-8
Пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы есеп	9
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп	10
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	11-12
Қаржылық есептілігіне ескертулер	13-60

**Басшылықтың 2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша қаржылық есептілігін дайындау және бекіту үшін жауапкершілігі туралы мәлімдемесі**

Басшылық 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Компания») қаржылық жағдайын, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қызмет нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және меншікті капиталдағы өзгерістерді әділ көрсететін қаржылық есептілігін Қаржылық есептіліктің Халықаралық Стандарттарына (бұдан былай – «ҚЕХС») сәйкес дайындауға жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындаған кезде басшылықтың жауапкершілігі:

- есеп саясаты қағидаларын дұрыс таңдауды және оның қолданылуын қамтамасыз ету;
- ақпаратты, атап айтқанда есеп саясаты туралы деректерді мұндай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырмалығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін түрде беру;
- ҚЕХС талаптарын орындау есептілікті пайдаланушыларға қайсыбір мәміленің, сондай-ақ өзге оқиғаның немесе жағдайдың Компанияның қаржылық жағдайына және қызметінің қаржылық нәтижесіне әсер ететін ықпалды ұғынуы үшін жеткілікті болмаған жағдайда қосымша ақпаратты ашып көрсету; және
- Компанияның таяудағы келешекте қызметін жалғастыру қабілетін бағалау.

Басшылық төмендегілер үшін де жауапкершілік көтереді:

- Компаниядағы ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау;
- есепті Компания мәмілелерін ашып көрсетуге және түсіндіруге мүмкіндік беретін түрде жүргізу, сондай-ақ Компанияның қаржылық жағдайы туралы жеткілікті деңгейде дәл ақпаратты кез келген күні ұсыну және қаржылық есептіліктің ҚЕХС талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚЕХС сәйкес жүргізу;
- Компания активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық мүмкін орынды шаралар қабылдау; және
- қаржылық және өзге теріс пайдалану деректерін анықтау және алдын алу.

2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша қаржылық есептілікті Компания басшылығы 2020 жылдың 19 наурызында бекітті.

**Компания басшылығы атынан:**

\_\_\_\_\_  
**Әліпов Ұ.Т.**  
**Басқарма Төрағасы**

2020 жылдың 19 наурызы  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

\_\_\_\_\_  
**Медеубаева Г.К.**  
**Бухгалтерлік есеп департаментінің**  
**директоры – Бас бухгалтер**

2020 жылдың 19 наурызы  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі  
шектеулі серіктестік  
Қазақстан, 050051 Алматы,  
Достық д-лы 180,  
Тел.: +7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной  
ответственностью «КПМГ Аудит»  
Казахстан, 050051 Алматы,  
пр. Достык 180,  
E-mail: company@kpmg.kz

## Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

«ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамының басшылығына

### **Пікір**

Біз 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы бухгалтерлік баланстан, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайдалар мен залалдар, ақша қаражаттарының қозғалысы және капиталдағы өзгерістер туралы есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының маңызды тұжырымдамалары мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «Компания») жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, жылдық қаржылық есептілік 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша оның қаржы нәтижелерін және ақша қаражатының қозғалысын Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес барлық елеулі аспектіде әділ көрсетеді .

### **Пікір білдіруге негіздеме**

Біз Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз біздің есебіміздің бұдан әрі «Жылдық қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне (оның ішінде, халықаралық тәуелсіздік стандарттары) және біздің жылдық қаржылық есептіліктің аудитіне тиісті Қазақстан Республикасында қолданылатын әдептілік талаптарға сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз басқа да әдептілік міндеттемелерді аталған талаптар мен аталған кодекске сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

### **Жылдық қаржылық есептілік үшін басшылық пен басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың жауапкершілігі**

Басшылық ХҚЕС сәйкес аталған қаржылық есептіліктің дайындауы мен әділ ұсынылуына және де алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған жылдық қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Жылдық қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, сәйкес жағдайларда үздіксіз қызметке қатысты мәселелерді ашып көрсету және басшылық Компанияны жауып тастауға немесе оның операцияларын тоқтатуды ниеттеніп отырған немесе одан басқа нақты балама нұсқасы болмаған жағдайларды қоспағанда бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдану үшін жауапты.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар Компанияның жылдық қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.



### **Жылдық қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз жылдық қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы ақылға қонымды сенімділік алу және де біздің пікіріміз енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы жылдық қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.

ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек біз келесілерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан жылдық қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз және де осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және өткіземіз және де біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені алаяқтық әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатымен, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатынсыз, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ашып көрсетілген ақпаратты бағалаймыз;
- басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біздің аудиторлардың есебінде жылдық қаржылық есептіліктегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аудартуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат орынсыз болса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Компанияның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін;
- жылдық қаржылық есептіліктің ашып көрсетілген ақпараты енетін бүтіндей ұсынылуын, құрылымы мен мазмұнын, және де жылдық қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды әділ ұсынылуын қамтамасыз етілетіндей көрсетуін бағалаймыз.



**«ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы**

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

3-бет

Біз басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға, тым болмағанда, аудиттің жоспарланған көлемі мен уақытын, сондай-ақ, біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері енетін аудиттің елеулі табуларын айтып білдіре отырамыз.

Нәтижесінде тәуелсіз аудиторлардың осы аудиторлық есебі шығарылған тапсырма жетекшісі:

---

Иманкулов А. С.

Қазақстан Республикасының  
сертификатталған аудитору,  
2016 жылдың 15 сәуірінде берілген  
біліктілік куәлігінің № ҚМ-0000337

**«КПМГ Аудит» ЖШС**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызметпен  
айналысу үшін 2006 жылдың 6 желтоқсанында берген мемлекеттік  
лицензиясының №0000021

---

Дементьев С.А.

«КПМГ Аудит» ЖШС-нің  
Жарғы негізінде әрекет ететін Бас директоры

2020 жылдың 19 наурыз

*«ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы*  
 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп

мың теңге	Ескер- ту	2019 жылдың 31 желтоқсаны	2018 жылдың 31 желтоқсаны
<b>АКТИВТЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Негізгі құралдар	11	1,482,190	1,531,150
Материалдық емес активтер		45,535	54,616
Берілген ұзақ мерзімді аванстар	12	194,608,900	303,431,335
Дебиторлық берешек	15	108,804,059	14,462,371
Болашақ кезеңдегі шығындар бойынша кейінге қалдырылған өтемақы	24	77,643,588	58,420,524
<b>Өзге ұзақ мерзімді активтер</b>	13	6,344,042	4,291,840
<b>Барлық ұзақ мерзімді активтер</b>		<b>388,928,314</b>	<b>382,191,836</b>
<b>Қысқа мерзімді активтер</b>			
Қорлар		17,759	7,822
Қысқа мерзімді дебиторлық және өзге берешек	15	11,983,136	6,888,812
Берілген қысқа мерзімді аванстар	12	220,193,860	66,288,845
Болашақ кезеңдегі шығындар бойынша кейінге қалдырылған өтемақы	24	10,250,586	5,100,457
Алынатын ағымдағы табыс салығы		64,686	-
Қолданылуы шектелген ақша қаражаттары	14	653,155	478,057
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	16	3,306,638	15,361,150
<b>Қысқа мерзімді активтер жиыны</b>		<b>246,469,820</b>	<b>94,125,143</b>
<b>Активтер жиыны</b>		<b>635,398,134</b>	<b>476,316,979</b>

мың теңге	Ескерту	2019 жылдың 31 желтоқсаны	2018 жылдың 31 желтоқсаны
<b>Меншікті капитал</b>	17		
Жарғылық капитал		2,342,779	2,342,779
Капиталды сақтық қорлары		636	636
Жинақталған залал		(34,295,957)	(39,846,757)
<b>Меншікті капитал жиыны</b>		<b>(31,952,542)</b>	<b>(37,503,342)</b>
<b>Міндеттемелер</b>			
Ұзақ мерзімді банк қарыздары	18	448,547,199	328,939,828
Ұзақ мерзімді кепілді міндеттемелер	22	2,464,989	1,385,057
Болашақ кезеңдегі кірістер	23	6,771,032	4,748,956
Принципалдан алынған ұзақ мерзімді аванстар	21	28,058,470	69,350,227
Кейінге қалдырылған өтеулер бойынша міндеттемелер	24	69,012,425	49,796,532
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	8	1,303,816	1,690,504
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>		<b>556,157,931</b>	<b>455,911,104</b>
Кредиторлық және өзге берешек	19	8,781,814	2,070,716
Принципалдан алынған аванстар	21	58,921,957	42,168,220
Қысқа мерзімді банк қарыздары	18	23,212,242	-
Табыс салығы бойынша берешек		-	398,860
Ағымдағы табыс салығынан басқа төленетін салықтар		711,737	832,495
Қысқа мерзімді резервтер		936,698	194,949
Төленетін қарыздар бойынша сыйақылар	18	2,725,549	2,036,397
Кейінге қалдырылған өтеулер бойынша міндеттемелер	24	10,250,586	5,100,457
Өзге ағымдағы міндеттемелер	22	5,652,162	5,107,123
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>		<b>111,192,745</b>	<b>57,909,217</b>
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>667,350,676</b>	<b>513,820,321</b>
<b>Меншікті капитал және міндеттемелер жиыны</b>		<b>635,398,134</b>	<b>476,316,979</b>

\* Компания 16 ҚЕХС (IFRS) 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап түрлендірілген ретроспективтік тәсілді қолдану арқылы қолдана бастады. Аталған тәсілге сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді және 16 ҚЕХС (IFRS) бастапқы қолдану жиынтық нәтижесі бастапқы қолдану мерзімінде бөлінбеген табыс құрамында танылады.

**Компания басшылығы атынан:**

\_\_\_\_\_  
**Әліпов Ұ.Т.**  
**Басқарма Төрағасы**

2020 жылдың 19 наурызы  
 Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

\_\_\_\_\_  
**Медеубаева Г.К.**  
**Бухгалтерлік есеп департаментінің**  
**директоры – Бас бухгалтер**

2020 жылдың 19 наурызы  
 Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы



мың теңге	Ескерту	2019 ж.	2018 ж.
Принципалдан алынған құрылыс шығындарын өтеу	5	254,513,190	214,574,276
Принципалдан алынған Компания шығындарын өтеу		1,545,576	2,190,608
Құрылысты ұйымдастыру және басқару бойынша қызмет көрсетуге байланысты шығындар	5	(253,662,364)	(213,886,518)
Кіріс	5	2,396,402	2,878,366
Өзіндік құны	6	(1,545,576)	(2,190,608)
<b>Жалпы пайда</b>		<b>850,826</b>	<b>687,758</b>
Әкімшілік шығындар	7	(1,330,961)	(1,388,981)
Шарт бойынша саудалық дебиторлық берешек пен активтердің құнсыздануынан болған залал	26	(2,029,221)	-
Өзге кірістер	9	2,488,775	879,699
Өзге шығындар	9	(1,027,166)	(4,369,691)
<b>Операциялық қызметтен болған залал</b>		<b>(1,047,747)</b>	<b>(4,191,215)</b>
Қаржылай кірістер, нетто	10	94,302	1,567,298
Қарыздар бойынша бағамдық айырмадан болған өткізілмеген кіріс/(залал)		3,038,285	(34,352,989)
Өзге бағамдық айырмадан болған шығындар, нетто		3,146,697	(374,458)
<b>Салық салуға дейінгі пайда/(залал)</b>		<b>5,231,537</b>	<b>(37,351,364)</b>
Табыс салығы бойынша үнем/шығын	8	319,263	(1,720,028)
<b>Бір жыл ішіндегі пайда/(залал) және жалпы жиынтық кіріс</b>		<b>5,550,800</b>	<b>(39,071,392)</b>

\* Компания 16 ҚЕХС (IFRS) 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап түрлендірілген ретроспективтік тәсілді қолдану арқылы қолдана бастады. Аталған тәсілге сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді және 16 ҚЕХС (IFRS) бастапқы қолдану жиынтық нәтижесі бастапқы қолдану мерзімінде бөлінбеген табыс құрамында танылады.

**Компания басшылығы атынан:**

\_\_\_\_\_  
**Әліпов Ұ.Т.**  
**Басқарма Төрағасы**

2020 жылдың 19 наурызы  
 Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

\_\_\_\_\_  
**Медеубаева Г.К.**  
**Бухгалтерлік есеп департаментінің**  
**директоры – Бас бухгалтер**

2020 жылдың 19 наурызы  
 Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

*«ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы*  
 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша меншікті капиталдағы өзгерулер туралы есеп

мың теңге	Жарғылық капитал	Капиталды резервтер	Жинақталған залал	Меншікті капитал жиыны
2018 жылдың 1 қаңтарындағы қалдық (Қайта есептелді)*	2,342,779	636	(758,894)	1,584,521
Бір жыл ішіндегі залал және жалпы жиынтық кіріс	-	-	(39,071,392)	(39,071,392)
<b>Тікелей меншікті капитал құрамында көрсетілген меншік иелерімен жасалатын операциялар</b>				
Дивидендтер төлеу (17 Ескертпесі)	-	-	(16,471)	(16,471)
<b>Меншік иелерімен барлық операция</b>	-	-	(16,471)	(16,471)
<b>2018 жылдың 31 желтоқсанындағы қалдық</b>	<b>2,342,779</b>	<b>636</b>	<b>(39,846,757)</b>	<b>(37,503,342)</b>
2019 жылдың 1 қаңтарындағы қалдық *	2,342,779	636	(39,846,757)	(37,503,342)
Бір жыл ішіндегі залал және жалпы жиынтық кіріс	-	-	5,550,800	5,550,800
<b>2019 жылдың 31 желтоқсанындағы қалдық</b>	<b>2,342,779</b>	<b>636</b>	<b>(34,295,957)</b>	<b>(31,952,542)</b>

\* Компания 16 ҚЕХС (IFRS) 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап түрлендірілген ретроспективтік тәсілді қолдану арқылы қолдана бастады. Аталған тәсілге сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді және 16 ҚЕХС (IFRS) бастапқы қолдану жиынтық нәтижесі бастапқы қолдану мерзімінде бөлінбеген табыс құрамында танылады.

**Компания басшылығы атынан:**

\_\_\_\_\_  
**Әліпов Ұ.Т.**  
**Басқарма Төрағасы**

2020 жылдың 19 наурызы  
 Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

\_\_\_\_\_  
**Медеубаева Г.К.**  
**Бухгалтерлік есеп департаментінің директоры – Бас бухгалтер**

2020 жылдың 19 наурызы  
 Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

мың теңге	Ескерту	2019 ж.	2018 ж.
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша ағымы</b>			
<b>Салық салуға дейінгі (залал)/пайда)</b>		<b>5,231,537</b>	<b>(37,351,364)</b>
<i>Түзетулер:</i>			
Шарт бойынша саудалық дебиторлық берешек пен активтердің құнсыздануынан болған залал	26	2,029,221	-
Берілген аванстардың құнсыздануы бойынша резерв жасау шығындары	9	-	3,866,316
Тозу және амортизация	6, 7, 11	286,686	245,090
Резервтегі өзгерістер		741,749	67,584
Дебиторлық берешек бойынша дисконтты және болашақ кезеңдегі кірістерді босату	10	474,178	200,403
Қысқа мерзімді депозиттер және ағымдағы шоттар бойынша пайыздық кіріс	10	(568,480)	(1,169,078)
Қаржылық шығындар	10	8,264,362	5,900,837
Қарыздар бойынша бағамдық айырмадан болған өткізілмеген (кіріс)/залал		(3,038,285)	34,352,989
Өзге бағамдық айырмадан болған шығындар, нетто		(3,146,697)	374,458
Негізгі құралдардың шығуынан болған залал		11,729	7,876
<b>Айналым капиталындағы өзгерістерге дейін операциялық қызметтен болған ақша қаражатының қозғалысы:</b>		<b>10,286,000</b>	<b>6,495,111</b>
<i>Өзгерістер:</i>			
Қорлардағы өзгерістер		(9,937)	(2,860)
Қысқа мерзімді және өзге дебиторлық берешектегі өзгерістер		(5,711,956)	(4,549,389)
Берілген аванстардағы өзгерістер		(45,082,580)	(34,305,795)
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешектер және өзге ұзақ мерзімді активтердегі өзгерістер		(91,283,433)	(14,854,555)
Кредиторлық және өзге берешектегі өзгерістер		3,039,313	3,678,702
Сенімгерлік басқару шарты бойынша берешектегі өзгерістер	20	240,552	-
Төленетін салықтардағы өзгерістер		(120,758)	313,561
Алынған аванстардағы және өзге міндеттемелердегі өзгерістер		(19,780,626)	(10,632,496)
<b>Табыс салығын төлегенге дейін операциялық қызметінде қолданылған ақша қаражатының ағымы</b>		<b>(148,423,425)</b>	<b>(53,857,721)</b>
Төленген табыс салығы		(530,971)	(127,849)
Төленген пайыздар		(9,084,130)	(6,299,057)
<b>Операциялық қызметінде қолданылған ақша қаражатының таза ағымы</b>		<b>(158,038,526)</b>	<b>(60,284,627)</b>

мың теңге	Ескерту	2019 ж.	2018 ж.
<b>Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағымы</b>			
Алынған пайыздар		214,307	188,401
Негізгі құралдарды сатып алу		(236,794)	(82,324)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(3,580)	(34,130)
Негізгі құралдардың шығуынан түсімдер		(175,098)	3,010,082
<b>Инвестициялық қызметте (қолданылған)/ түскен ақша қаражатының таза ағыны</b>		<b>(201,165)</b>	<b>3,082,029</b>
<b>Қаржылық қызметтен түскен ақша ағымы</b>			
Төленген дивидендтер	17	-	(16,471)
Банк қарызын алу	18	146,193,497	70,351,796
<b>Қаржылық қызметтен алынған ақша қаражатының таза ағымы</b>		<b>146,193,497</b>	<b>70,335,325</b>
<b>Ақша қаражаты мен оның баламасының таза ұлғаюы</b>			
		<b>(12,046,194)</b>	<b>13,132,727</b>
Валюта бағамының өзгеруінің ақша қаражаты мен оның баламасының шамасына әсері		(8,318)	167,507
1 қаңтардағы ақша қаражаттары және олардың баламалары		15,361,150	2,060,916
<b>31 желтоқсандағы ақша қаражаттары және олардың баламалары</b>	<b>16</b>	<b>3,306,638</b>	<b>15,361,150</b>

\* Компания 16 ҚЕХС (IFRS) 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап түрлендірілген ретроспективтік тәсілді қолдану арқылы қолдана бастады. Аталған тәсілге сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді және 16 ҚЕХС (IFRS) бастапқы қолдану жиынтық нәтижесі бастапқы қолдану мерзімінде бөлінбеген табыс құрамында танылады.

**Компания басшылығы атынан:**

\_\_\_\_\_  
**Әліпов Ұ.Т.**  
**Басқарма Төрағасы**

2020 жылдың 19 наурызы  
 Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

\_\_\_\_\_  
**Медеубаева Г.К.**  
**Бухгалтерлік есеп департаментінің  
 директоры – Бас бухгалтер**

2020 жылдың 19 наурызы  
 Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

## **1 Есеп беретін кәсіпорын**

### **(а) Қазақстанда шаруашылық қызметін жүзеге асыру шарттары**

«ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Компания») қызметі Қазақстан аумағында басымырақ жүргізіледі. Сәйкесінше, Компания бизнесіне дамып келе жатқан нарықтың ерекшеліктері тән болып келетін Қазақстанның экономикасы мен қаржы нарықтары әсер етеді. Құқықтық, салық және әкімшілік жүйелері әрі қарай дамып келеді, бірақ бұл олардың жиі өзгертулерге шалдығатын талаптарын талқылаудың күрделілігімен ұштасады, оған қоса өзге де заңды және қазыналық тосқауылдармен бірге бизнесін Қазақстанда жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша қиындықтар тудырады. Бұдан бөлек, 2020 жылдың алғашқы айларындағы коронавирустың таралуы әлемдік нарықта айтарлықтай құбылмалылық туғызды. Басқа да факторлармен бірге ол мұнай бағасының және қор индексінің бірден төмендеуіне, сонымен қатар қазақстандық теңгенің күнсыздануына алып келді. Бұл оқиғалар Қазақстандағы бизнес ортадағы тұрлаусыздық деңгейін одан әрі жоғарылатады.

Ұсынылған қаржылық есептілік Қазақстанда бизнес жүргізу шартының Компания қызметіне және қаржылық жағдайына қалай әсер ететіні туралы басшылықтың көзқарасын білдіреді. Болашақ шаруашылық жүргізудің нақты әсері басшылықтың бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

### **(б) Ұйымдастырушылық құрылымы және қызметі**

Компания «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитетінің «Қазақавтожол» (бұдан әрі – ҚР ИИДМ ӨАЖ) РММ шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Қазақавтожол-Көкшетау» еншілес мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 1 ақпандағы № 79 Қаулысының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды. Бастапқы мемлекеттік тіркелген күні: 2013 ж. 13 наурыз, бұл Мемлекеттік тіркелу туралы № 2934-1901-01-АҚ куәлігімен расталады.

Компания акционері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі – «ҚР ҚМ ММЖК») немесе «Жалғыз акционер») атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – «ҚР ИИДМ») Компания акцияларының мемлекеттік пакетін 100% иелену және пайдалану құқығын тиісті тапсыру-қабылдау актісінің негізінде жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Компанияның жарғысына сәйкес оның негізгі қызмет түрлері мыналар болып табылады:

- мемлекеттік тапсырма негізінде жалпыға ортақ пайдаланылатын республикалық және халықаралық маңызы бар автомобиль жолдарының желісін дамыту жөніндегі бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру;
- мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде жалпыға ортақ пайдаланылатын республикалық және халықаралық маңызы бар автомобиль жолдарын жобалауды, салуды, қайта құру, жөндеуді және күтіп-ұстауды ұйымдастыру;
- мемлекеттік тапсырманы орындауды ұйымдастыру шеңберінде жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, қайта құру, жөндеу және күтіп ұстау барысы мен сапасын бақылау;
- ақылы автомобиль жолдарын сенімгерлік басқару;
- ақылы автомобиль жолымен көлік құралдарының іркіліссіз және қауіпсіз жүріп өтуіне кедергі келтіретін ақауларды жою;
- ақылы автомобиль жолдарымен жүріп өту үшін ақы жинау; және
- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлері жатады

233-бағдарлама (бұдан әрі – «233-бағдарлама») бойынша мемлекеттік тапсырманың орындалуын ұйымдастыру үшін ҚР ҚМ ММЖК, ҚР ИИДМ және Компания арасында 2152-2295 (143 км = 81км+62км) км «Астана-Қарағанды-Балқаш-Күрті-Қапшағай-Алматы» автомобиль жолының «Орталық-Оңтүстік» дәлізіндегі «Күрті-Бұрылбайтал» телімін сенімгерлік басқаруға беру туралы шарты 2016 жылдың 11 ақпанында жасалды.

2016 жылдың 18 ақпанында Компания мен Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінің арасында 103,000 мың АҚШ доллары сомасына кредит келісіміне қол қойылды, осы келісімге сәйкес 2214-2295 км «Күрті – Бұрылбайтал» автомобиль жолының телімін қайта құру жобасы қаржыландырылады.

2016 жылдың 26 қазанында Компания мен Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінің (бұдан әрі – «ЕҚДБ») арасында 86,000 мың АҚШ доллары сомасына кредит келісіміне қол қойылды, осы келісімге сәйкес 2152-2214 км «Күрті – Бұрылбайтал» автомобиль жолының телімін қайта құру жобасы қаржыландырылады.

2016 жылдың 31 наурызында 233-бағдарламасының орындалуын ұйымдастыру үшін ҚР ҚМ ММЖК, ҚР ИИДМ және Компания арасында 906-1321 км «РФ шекарасы (Омскіге) Майқапшағай (ҚХР-на шығу)» жалпыға ортақ пайдаланылатын республикалық маңызы бар автомобиль жолындағы «Қалбатау-Майқапшағай» телімін; 287-1073 км «Алматы-Өскемен» жалпыға ортақ пайдаланылатын республикалық маңызы бар автомобиль жолындағы «Талдықорған-Қалбатау-Өскемен» телімін; 0-184 км «Үшарал-Достық» жалпыға ортақ пайдаланылатын республикалық маңызы бар автомобиль жолын; 7-273 км «Меркі-Бұрылбайтал» жалпыға ортақ пайдаланылатын республикалық маңызы бар автомобиль жолын сенімгерлік басқаруға беру туралы шарты жасалды.

2017 жылдың 21 сәуірінде 233 Бағдарламасының орындалуын ұйымдастыру үшін ҚР ҚМ ММЖК, ҚР ИИДМ және Компания арасында 0-1 және 52-53 км «Астана қ. айналып өту» автомобиль жолының телімін, 1246-1247 км «Қостанай, Астана, Қарағанды қ. арқылы М-36 РФ шекарасы (Екатеринбургке)-Алматы» сенімгерлік басқаруға беру туралы шарты жасалды.

2017 жылы Компания мен Қытайдың Экспорттық-Импорттық Банкі арасында (бұдан әрі – «Қытайдың ЭксИм Банкі») жалпы сомасы 1,667,577 мың АҚШ долларлық кредит келісіміне қол қойылды, осы келісімге сәйкес «Қалбатау-Майқапшағай», «Талдықорған-Қалбатау-Өскемен», «Меркі-Бұрылбайтал» және «Астана қ. айналып өту» автомобиль жолының телімдерін қайта құру жобалары қаржыландырылатын болады.

2018 жылы Компания мен Қытайдың ЭксИм Банкі арасында жалпы сомасы 727,212 мың АҚШ долларлық кредит келісіміне қол қойылды, осы келісімге сәйкес «Қарағанды-Балқаш» автомобиль жолының телімдерін қайта құру жобалары қаржыландырылатын болады.

2019 жылдың 12 сәуірінде 233-бағдарламасының орындалуын ұйымдастыру үшін ҚР ҚМ ММЖК, ҚР ИИДМ және Компания арасында 616-833 км «Атырау-Астрахань» телімін, оның ішінде «Ресей Федерациясы шекарасы (Орскке) – Ақтөбе-Атырау- Ресей Федерациясы шекарасы (Астраханьға)» автомобиль жолы Атырау қаласы солтүстік айналып өту мен «Астана-Қарағанды-Балқаш-Алматы» республикалық маңызды автомобиль жолдарының 0-67 км «Қапшағай-Күрті» телімін сенімгерлік басқаруға беру туралы шарты жасалды.

2019 жылдың 6 мамырында 233-бағдарламасының орындалуын ұйымдастыру үшін ҚР ҚМ ММЖК, ҚР ИИДМ және Компания арасында «Ресей Федерациясы шекарасы (Орскке) – Ақтөбе-Атырау- Ресей Федерациясы шекарасы (Астраханьға)» ортақ пайдаланылатын республикалық маңызды автомобиль жолдарының 11-100 км «Атырау-Астрахань» телімін сенімгерлік басқаруға беру туралы шарты жасалды.

2109 жылдың 31 мамырында Компания мен ЕҚДБ арасында «616-833 км, оның ішінде Атырау қаласының солтүстік айналымын қоса алғанда «Ресей Федерациясы шекарасы (Орскке) – Ақтөбе-Атырау- Ресей Федерациясы шекарасы (Астраханьға)» автомобиль жолын қайта құру қаржыландырылатын 103,790,233 мың теңге сомаға несие келісіміне қол қойылды.

2019 жылдың 19 шілдесінде 233-бағдарламасының орындалуын ұйымдастыру үшін ҚР ҚМ ММЖК, ҚР ИИДМ және Компания арасында 0-144 км «Подстепное-Федоровка-Ресей Федерациясы шекарасы» А-30 республикалық маңызы бар жолды сенімгерлік басқаруға беру туралы шарты жасалды.

2019 жылдың 26 қарашасында Компания мен ЕКДБ арасында 0-67 км «Қапшағай - Күрті» республикалық маңызды автомобиль жолының «Астана-Қарағанды-Балқаш-Алматы» Орталық-Оңтүстік дәлізін қайта құру жобасын қаржыландыруға 34,479,731 сомаға несие келісіміне қол қойылды.

2019 жылдың 7 наурызында Қазақстан Республикасы Үкіметінің "2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 808 қаулысы және «Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 шілдедегі № 744 Қаулысына сәйкес 091-бағдарламаны орындауды ұйымдастыру үшін ҚР ИИДМ және Компания арасында ортақ қолданатын автомобиль жолдарының сапасын жақсартуға бағытталған жөндеу және күтіп-ұстауды ұйымдастыруға шарт бекітілді.

2019 жылдың 7 наурызында Қазақстан Республикасы Үкіметінің "2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 808 қаулысы және «Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 шілдедегі № 744 Қаулысына сәйкес 003-бағдарламаны орындауды ұйымдастыру үшін ҚР ИИДМ және Компания арасында республикалық деңгейде автомобиль жолдары дамытуға шарт бекітілді.

2019 жылдың 29 мамырында Қазақстан Республикасы Үкіметінің "2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 808 қаулысы және «Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 шілдедегі № 744 Қаулысына сәйкес 240-бағдарламаны орындауды ұйымдастыру үшін ҚР ИИДМ және Компания арасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктерін салу және қайта құруды ұйымдастыру бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуге шарт бекітілді.

2019 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания қызметкерлерінің жалпы саны 873 адамды құрады (2018 ж.: 737 адам).

Компанияның заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., «Байқоңыр» ауданы, Өндіріс ТҰА, Өндіріс көшесі, 72/1-ғимарат.

Компанияның нақты мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Қонаев к-сі, 10.

## **2 Есепке алу негіздері**

### **(а) ҚЕХС сәйкестігі туралы мәлімдеме**

Осы қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес дайындалды. Бұл «Жалгерлік» 16 ҚЕХС (IFRS) талаптарын қолдана отырып дайындалған Компанияның қаржылық есептілігінің бірінші жинақталымы. Есеп саясатының елеулі қағидаларының өзгерістері 2 -ескертпесінде ашып көрсетілген.

### **(б) Қызмет үздіксіздігі туралы жорамал**

Осы қаржылық есептілік Компанияның үздіксіз қызмет қағидасын ұстанады деген жорамалды бастамаға ала отырып дайындалды. Бұл жақын болашақта Компанияның активтерін сатуды және міндеттемелерін өтеуді оның әдеттегі шаруашылық қызметі барысында жүзеге асыруды ұйғарады.

2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жыл ішінде операциялық қызметтерге жұмсалған ақшалай қаражаттың таза жылыстауы 158,038,526 мың теңгені құрады және көрсетілген мерзім жағдайы бойынша теріс капитал 31,952,542 мың теңгені құрады.

«Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» РММ (бұдан әрі – «АЖК») жасалған №233 бағдарлама аясында сенімгерлік басқару шарттарының талаптарына сәйкес және автомобиль жолдарын қайта құру бойынша мемлекеттік тапсырманың орындалуын ұйымдастыру бойынша Компания негізгі борышты өтеуді, пайыз және қарызға қызмет көрсету шығындарын, есеп

айырысқан кезде туындайтын бағамдық айырманы қамтитын қажетті шығынның өтеуге құқылы, 18-ескертпе.

Сондай-ақ, 2019 жыл ішінде және 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания оң капиталға байланысты қаржы коэффициентіне қатысты Еуропалық Қайта құру және даму банкінен (ЕҚДБ) алынған 23,212,242 мың теңге қарыз бойынша бекітілген талапты (ковенант) бұзды.

Компания 233-бағдарламаның аясында негізгі борышты өтеуді, пайыз және қарызға қызмет көрсету шығындарын, банк қарыздары шарттарының шеңберінде төлем жүргізген кезде туындаған курстық айырмашылықты қамтитын АЖК қажетті шығындарды өтеуге құқылы, 18-ескертпе.

Компания 2019 жыл ішінде ЕҚДБ банкінен 2019 жыл ішінде қарызды мерзімінен бұрын жабу талабы құқықтарынан бас тартатыны туралы хат алды және 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ол 19,878,991 мың теңге соманы құрайды. Компания қолданыстағы мерзімінен бұрын төлеу келісімі бойынша төлем кестесі талаптарын сақтауға қатысты ЕҚДБ үнемі келіссөздер жүргізуде. Егер ЕҚДБ келіссөздер жеміссіз болған жағдайда басшылық 233-бағдарлама (27-ескертпе) бойынша инвестициялық жобаларды қаржыландыру мақсатында алынған қарыз бойынша кепілдер шарттарының аясында меншік иесінің қолдауына, сонымен қатар бекітілген сенімгерлік басқару және қайта құру шарттарының шеңберінде қаржыландыруға сенім артады. Меншік иесі Компанияның болашақтағы тұрақты операциялық қызметтерді жалғастыру үшін қажетті қаржылық және берік қолдауды көрсетуге қабілетті, тиісінше аталған қаржы есептілігі үшін қызметтің үздіксіздігі қағидасын қолдану дәлелді болып табылады. Сондықтан, осы қаржы есептілігі Компанияның үздіксіз қызметті жалғастыру мүмкіндігі болмаған жағдайда қажет болатын қандайда бір түзетулерді қамтымайды.

Компания «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» РММ-нің (бұдан әрі – «ҚР ИИДМ АЖК», «Комитет») қаражаты есебінен қаржыландырылады, осы Комитетпен Компания 2019 ж. төрт бағдарлама бойынша шарттарға қол қойды: 100,954,248 мың теңге сомасына республикалық маңызы бар инвестициялық жобаларын дамытуды ұйымдастыру бойынша мемлекеттік қызметін көрсету, 80,560,903 мың теңге сомаға республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын басқару бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және 568,614 мың теңге сомасына Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктерін және қайта құруды ұйымдастыру және 1,830,820 мың теңге сомасына жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын басқару бойынша жұмыстарды ұйымдастыру. Шарттарға жоғарыда аталған бағдарламалар бойынша жыл сайын қол қойылады.

Компания 2013 – 2022 жж. арналған ұзақ мерзімді даму стратегиясын әзірледі, ол ҚР Үкіметінің 2018 ж. 12 ақпандағы қаулысымен (бұдан әрі - «Даму стратегиясы») бекітілді.

Мемлекеттің қолдауымен автожол саласының бағдарламалық құжаттарына сәйкес Компанияға мыналар жүктелген:

- «Орталық – Оңтүстік», «Орталық – Шығыс», «Орталық-Батыс», «Ақтөбе – Атырау – Астрахань», «Алматы – Өскемен», «Бейнеу – Ақтау» инвестициялық жобаларын іске асыру;
- «Астана – Қостанай – Челябинск», «Таскескен – Бақты», «Омск – Майқапшағай», «Үшарал – Достық», «Самара – Орал - Ақтөбе» республикалық тораптар бойынша халықаралық бағыттарды дамыту; «Атырау Ақтөбе», «Атырау Ақтау», «Астана – Петропавл – Ресей Федерациясы шекарасы», «Бейнеу – Ақжігіт», «Орал - Тасқала» автожолдары
- «Алматы - Өскемен», «Ақтау - Бейнеу», «Қостанай – Қарабұтақ», «Үшарал - Достық», «Осинов асуы», «Таскескен -Бақты», «Щучинск - Зеренді» және Қордай асуын айналып өту республикалық маңызды автожолдарды қайта құруды жүзеге асыру;



- Қазақстан Республикасы Үкіметінің "2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 808 қаулысына сәйкес 091 және 003 бағдарламаларды орындау аясында жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының сапасын жақсартуға бағытталған жөндеу және күтіп-ұстауды ұйымдастыру;
- республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі, орта, ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
- республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында ақыны жинау жүйесінің құрылысы;
- жол бойындағы сервистік қызмет көрсетуді дамыту;
- отандық және шетел капиталының жол секторындағы инвестициялық жобаларға қатысуы үшін жағдай жасау.

Компания басшылығының пікірінше, бекітілген даму стратегиясына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен жасалған келісімшарттар негізінде Компанияның таяудағы болашақта үздіксіз қызмет ету қағидасын ұстануды жалғастыру үшін қаражаты жеткілікті болады.

**(в) Функционалдық валюта және есептілікті ұсыну валютасы**

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңге (бұдан әрі – теңге) болып табылады және осы валюта Компанияның функционалдық валютасы, сондай-ақ осы қаржылық есептілігі ұсынылған валюта болып табылады. Теңгемен берілген барлық сандық көрсеткіштер, басқаша көрсетілмесе, ең жақын мың теңгеге дейін дөңгелектенген.

**(г) Есеп саясатындағы елеулі қағидалардың өзгеруі**

Бұдан әрі осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған есептік саясаттың негізгі қағидалары ұсынылған. Есептік саясат қағидалары өзге көрсетілмеген жағдайда есептік кезеңдерде кезеңімен қолданылған.

**ҚЕХС (IFRS) 16**

Компания 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап алғаш рет ҚЕХС (IFRS) 16 «Жалгерлік» қолданды.

Компания 16 ХҚЕС (IFRS) қолданды, түрлендірілген ретроспективті тәсіл қолданылды, оған сәйкес стандартты бастапқы қолданудан жиынтық нәтиже 2019 жылғы 1 қаңтарға бөлінбеген пайда құрамында танылады. Сәйкесінше, 2018 жыл үшін ұсынылған ақпарат қайта есептелген жоқ – яғни ол бұрын берілген түрінде 17 ҚЕХС (IAS) сәйкес ұсынылды. Бұдан басқа, 16 ҚЕХС-гі (IFRS) ақпаратты ашып көрсетуге қойылатын талаптар әдетте салыстырмалы ақпаратқа қатысты қолданылмайды.

16 ҚЕХС (IFRS) жалдауға қатысты қолданыстағы нұсқауларды, оның ішінде «Жалгерлік» 17 ҚЕХС (IAS), «Келісім құрамында жалгерлік белгілерін анықтау» 4 ҚЕХТК (IFRIC) Түсіндірмесін, «Операциялық жалгерлік - уәждері» 15 АҮК (SIC) Түсіндірмесін және «Жалгерліктің заңды нысаны бар мәміле болмысын талдау» 27 АҮК (SIC) орнын басады.

Стандарт 2019 жылғы 1 қаңтардағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияның қаржылық есептілігіне, 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі оның есебіне және пайдасына немесе шығынына және өзге де жиынтық кірісіне және көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке елеулі әсер еткен жоқ. Компания қолданады 16 ХҚЕС (IFRS) «Жалгерлік» және 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа стандартты қолдануға байланысты есептік саясатқа өзгерістер енгізді. Есеп саясатындағы өзгерістер туралы ақпарат 3(м)-ескертпеде егжей-тегжейлі көрсетілген.

### **«Қарыз алу бойынша шығындар» 23 ҚЕХС (IAS) түзетулер**

Компания «2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап «ҚЕХС жыл сайын жетілдіру: 2015-2017 жж. кезеңі» жобасының шеңберінде Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңесі шығарған «Қарыз алу бойынша шығындар» 23 ҚЕХС (IAS) түзетулер қабылдауды бастады және оларды осы күнге немесе одан кейін келтірілген қарыз алу бойынша шығындарға қатысты қолданады. Осы түзетулер қарыздар бойынша капиталдандырылатын шығындарды есептеу үшін пайдаланылатын жалпы мақсаттағы қарыз алу жиынтығынан бұл активтер әлі де әзірлеу немесе құрылыс процесінде болған жағдайда, сараланатын активтерді қаржыландыру үшін арнайы тартылған қарыз алу ғана алынып тасталатынын нақтылайды. Тиісінше, бастапқыда сараланатын активті құру мақсатында тартылған барлық қарыз алулар, компания жалпы мақсаттағы қарыз алуға жатқызады, мұндай активті оны белгіленген пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін қажетті барлық іс-шаралар мәні бойынша аяқталған кезде. Сараланатын активтерді қаржыландыру үшін арнайы тартылған, қазіргі уақытта белгіленген мақсаттарда пайдалануға немесе сатуға дайындалған (немесе сараланатын болып табылмайтын кез келген активтер) қарыздарды Компания жалпы мақсаттағы қарыз алуға жатқызады.

Бірнеше басқа жаңа стандарттар мен стандарттарға түзетулер енгізу 2019 жылғы 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді, бірақ олар компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді.

#### **(д) Есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдамаларды пайдалану**

Қаржылық есептілікті ҚЕХС сәйкес дайындау басшылықтан есептік саясатының қолданылатынын қағидаларына және активтердің, міндеттемелердің, кіріс пен шығынның көрсетілетінін сомасына ықпал ететін кәсіптік пайымдауды, есептік бағалаулар мен болжамдарды қолдануды талап етеді. Нақты нәтижелер қолданылған бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Бағалаулар және солардың негізінде жасалған болжамдар тұрақты түрде талданып тұрады. Бағалаулардағы түзетулер тиісті бағалаулар қайта қарастырылған есеп беру кезеңінде және де олар қатысты болатын кез келген кейінгі кезеңде танылады.

Есеп саясатының жағдайларын қолдану барысында қалыптасқан және қаржылық есептілігінде көрсетілген сомаға елеулі әсер еткен ең маңызды пайымдаулар туралы ақпарат келесі ескертпелерде ұсынылған:

- 2(б) Ескертпесі – үздіксіз қызмет туралы жорамал;
- 3(к) Ескертпесі – сенімгерлік басқару шарттарының есебі;
- 5 Ескертпесі – кіріс: мәміледе Компания принципал ретінде емес, агент ретінде шығатынын анықтау. Автомобиль жолдарын салуды, қайта құруды, жөндеуді және күтіп-ұстауды ұйымдастырудан түскен кірістер есебі.

Келесі есеп беру жылы қаржылық есептілігінде көрсетілген көрсеткіштерді айтарлықтай өзгерту қажет етілетіндігінің елеулі тәуекелімен үйлескен есептік бағалауларға қатысты болжамдар мен тұрлаусыздықтар туралы ақпарат келесі ескертпелерде ұсынылған:

- 3(г) Ескертпесі және 8 Ескертпесі – кейінге қалдырылған салық активтерін тану: болашақ салық салынатын пайданың болуы, оған қарсы болашаққа ауыстырылған салық залалдарын есептеуге болады;
- 9 Ескертпесі – соттың істі қарауы бойынша резерв құру және берілген аванстардың құнсыздануын тану;
- 15 Ескертпесі – ұзақ мерзімді дебиторлық берешек сомасын дисконттаған кездегі жорамалдар;

- 24 Ескертпесі – болашақ кезеңдегі шығындар бойынша кейінге қалдырылған өтемақы сомасын дисконттаған кездегі жорамалдар.

**(е) Әділ құнын бағалау**

Компанияның есепке алу саясатының белгілі бір жағдайлары және бірқатар мәліметтерінің ашылуы қаржылық және қаржылық емес активтері мен міндеттемелерінің әділ құнын бағалауды талап етеді.

Активтердің немесе міндеттемелердің әділ құнын бағалаған кезде Компания бұл мүмкін болғанша, қадағаланатын нарықтық деректерді пайдаланады. Әділ құнды бағалау сәйкесінше бағалау әдістерінің шеңберінде қолданылатын бастапқы деректерге байланысты әділ құны сатысының түрлі деңгейлеріне жатады:

- 1-деңгей: белсенді нарықтардағы ұқсас активтер мен міндеттемелерге белгіленген өтімді (түзетілмеген) бағалары.
- 2-деңгей: тікелей (яғни, тікелей баға), не жанама (яғни, бағалар негізінде анықталған) 1-деңгейді бағалау үшін қолданылатын белгіленетін құндардан басқа, бастапқы мәліметтері.
- 3-деңгей: қадағаланатын нарықтық мәліметтерге (қадағаланбайтын бастапқы мәліметтер) негізделмеген активтер мен міндеттемелерге арналған бастапқы мәліметтер.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалау үшін қолданылатын бастапқы деректерді әділ құны иерархиясының әртүрлі деңгейіне жатқызуға мүмкін болса, онда тұтас алғанда әділ құнын бағалау барлық бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректері сәйкес келетін иерархия деңгейіне жатқызылады. Компания бір жыл ішінде осы өзгеріс болған есеп беру кезеңінің аяқталу күні әділ құны иерархиясының деңгейлері арасындағы аудармаларды таниды.

Әділ құнын бағалаған кезде жасалған жорамалдар туралы ары қарайғы ақпарат 26(б) Ескертпесі – Әділ құны және тәуекелдерді басқаруда көрсетілген.

### **3 Есепке алу саясатының негізгі ережелері**

Төменде сипатталған есепке алу саясатының ережелері осы қаржылық есептілігінде ұсынылған барлық есеп беру кезеңінде дәйекті түрде қолданылды.

**(а) Түсім**

Өзінің негізгі қызмет ету барысында Компания принципал емес, агент ретінде әрекет етеді, тиесті операциялардан түскен түсім Компания алған комиссиялық сыйақының таза сомасында танылады, 5 Ескертпесіне қараңыз.

Түсімді агент ретінде әрекет ете отырып, автомобиль жолдарын салу мен жөндеуді ұйымдастыру және басқару бойынша қызметтер көрсетілуіне қарай Компания деп таниды. Танылуға жататын түсім сомасын анықтау үшін аяқталу сатысы ай сайынғы негізде жұмыс көлемін орындау үшін компанияның шеккен шығындарының негізінде бағаланады. Компания бұл әдісті орынды деп санайды, өйткені Тапсырыс берушіге агент рөлінде автомобиль жолдарын салу мен жөндеуді ұйымдастыру және басқару жөніндегі қызметтерді ұсынуға байланысты шеккен басқару және операциялық шығындар негізінде клиентке ай сайын шот қояды.

ҚЕХС (IFRS) 15 сәйкес Компаниясының бағалауы бойынша, барлық қолданыстағы шарттар құрамында бір міндеттемені орындау қатысты қызметтерді ұйымдастыру және басқару бойынша құрылыс және жөндеу автомобиль жолдар. Осы шарттарға қатысты түсім ең жоғары дәрежеде жинақталған жиынтық болып танылған түсім сомасының айтарлықтай кемуі мүмкін дәрежеде танылады. Қолданыстағы шарттарда қаржыландырудың едәуір құрамдас бөліктері жоқ, өйткені уәде етілген өтеу сомасы мен уәде етілген қызметтерді сатудың ақшалай бағасы

мен міндеттемені орындау сәті мен төлем жүргізілген сәттің арасындағы уақыт бөлігінің арасындағы айырмашылық жоқ.

Жолдарды салуды қаржыландыру үшін алынған алғытөлемдер және АЖК шарттар бойынша міндеттемелерді орындау нәтижесінде қалыптасқан ұзақ мерзімді дебиторлық берешектер қаржыландырудың елеулі құрамдас бөлігі болмайды, өйткені Компания өз қызметі процесінде агент ретінде әрекет етеді және ұйым және процесс әкімшілігі бойынша өз қызметтеріне айырбастауға алынатын таза өтем сомасындағы түсімді таниды.

#### ***Комиссиялық сыйақылар және Компанияның тікелей шығыстарын өтеу***

Алынған комиссиялық сыйақыларға қатысты компания автожолдар құрылысын ұйымдастыруды және басқаруды жүзеге асыруға байланысты негізгі операцияларды жүзеге асыру кезінде ол агент ретінде әрекет етеді деген қорытындыға келді, "комиссиялық сыйақылардан түскен табыс пен табыс" деген ескерту. Бұл ретте, компания компанияның өзінің басқару қызметімен тікелей байланысты шығыстар шеңберінде принципал ретінде әрекет етеді, бұл шығыстар автожолдарды салуға арналған мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде АЖК өтеуге жатады.

ҚЕХС (IFRS) 15 сәйкес Компанияның агент немесе принципіал ретінде әрекет етуін бағалау, Компанияның тауарлар мен қызметтерді сатып алушыға беру немесе бермеуін бақылауына негізделеді.

#### ***Орындау міндеттері және түсімді тану саясаты***

Түсім сатып алушымен жасалған шартта көрсетілген өтеу негізінде бағаланады. Компания сатып алушы алдында қызметті орындауына қарай түсімді таниды.

#### ***Болашақ кезеңдердің кірістерін тану***

Компания банктік қарыздар шарттары шеңберінде ұйымдастыру және резервтеу үшін комиссияларды төлеу үшін ақшалай қаражат түрінде АЖК өтем алады. Осы өтеу Болашақ кезеңдердің кірістері ретінде көрсетіледі және қаржылық шығыстар құрамында банк қарыздарын пайдалану мерзімі ішінде тікелей желілік әдіспен пайда мен шығындар туралы есептің құрамында танылады.

### **(б) Қаржылай кірістер және шығындар**

Компанияның қаржылық кірістері мен шығындары құрамына мыналар кіреді:

- пайыздық кіріс;
- пайыздық шығын.

Пайыздық кіріс пен шығын тиімді пайыз мөлшерлемесі әдісімен танылады. Дивидендтік кіріс Компанияның төлемді алуға құқығы пайда болған күні пайда немесе залал құрамында танылады.

### **(в) Шетел валютасы**

#### ***Шетел валютасындағы операциялар***

Шетел валютасында жүргізілетін операциялар осы операциялар жасалатын күні белгіленген айырбастау бағамдары бойынша Компанияның функционалдық валютасына қайта есептеледі.

Есеп беру күніндегі жағдай бойынша шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер осы есеп беру күні қолданылатын функционалдық валютаға айырбастау бағамы бойынша ауыстырылады. Монетарлық баптары бойынша оң немесе теріс бағамдық айырма тиімді пайыз мөлшерлемесі бойынша есептелген пайызға түзетілген есеп беру кезеңінің басында функционалдық валютада тиісті бабының амортизацияланған құны мен есеп беру кезеңіндегі төлемдер және осы есеп беру кезеңінің аяғында айырбас бағамы бойынша қайта есептелген шетел валютасында осы баптың амортизацияланған құны арасындағы айырма болып табылады.

Шетел валютасында көрсетілген және әділ құн бойынша бағаланатын ақшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құнды белгілеу күні қолданылатын айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютада қайта есептелінеді. Шетел валютасында бастапқы құнымен бағаланатын ақшалай емес баптар тиісті операция жасалған күні белгіленген айырбастау бағамы бойынша қайта есептелінеді.

Сату үшін қолда бар қаржылық активтер санатына жіктелген үлестік құралдарын қайта есептегенде туындайтын және өзге жиынтық кіріс құрамында танылатын айырмаларды қоспағанда, қайта есептеген кезде туындайтын бағамдық айырмалар кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында танылады.

**(г) Табыс салығы**

Табыс салығы бойынша шығынға ағымдағы табыс салығы және кейінге қалдырылған салық қосылады және ол бизнесті біріктіру бойынша мәмілеге немесе тікелей меншікті капитал құрамында немесе өзге жиынтық кіріс құрамында танылатын операцияларға жатқызылатын бөлігін қоспағанда, кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

**(i) Ағымдағы салық**

Ағымдағы табыс салығы – бұл салық салынатын пайдаға немесе бір жылдағы салық залалына қатысты төленуі немесе өтелуі күтілетін және қолданылатын немесе мәнісі бойынша есеп беру күніндегі жағдай бойынша қолданылатын салық мөлшерлемелері негізінде есептелген салық сомасы, сондай-ақ өткен жылдағы табыс салығы бойынша түзетулер. Ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттемені есептеуге дивидендтерге байланысты туындаған салық міндеттемесінің шамасы да қосылады.

**(ii) Кейінге қалдырылған салық**

Кейінге қалдырылған салық қаржылық есептілігінде көрсету мақсатында анықталатын активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен оның салықтық базасы арасында туындайтын уақытша айырмаға қатысты танылады. Кейінге қалдырылған салық: бизнесті біріктіру бойынша мәміле болып табылмайтын және бухгалтерлік, салық салынатын пайдаға немесе салық залалына әсер етпейтін мәмілені жүзеге асыру нәтижесінде актив пен міндеттемелерді бастапқы таныған кезде туындайтын мерзімдік айырмаларына қатысты танылмайды. Кейінге қалдырылған салық активі қолданылмаған салық залалдарына, салық кредиттеріне және соның есебінде ол іске асырылуы мүмкін мөлшерде ғана шегерілетін мерзімдік айырмаға қатысты танылады. Кейінге қалдырылған салық активінің шамасы әрбір есеп беру күніндегі жағдай бойынша талданып, тиісті салық пайдасын іске асыру ендігері ықтимал болып табылмайтын мөлшерде азаяды.

Кейінге қалдырылған салық шамасы келешекте мерзімдік айырмаларды қалпына келтірген кезде, есеп беру күніндегі жағдай бойынша қолданыстағы немесе мәнісі бойынша қолданысқа енгізілген заңдарға негізделе отырып салық мөлшерлемесін бастамаға ала отырып анықталады.

Кейінге қалдырылған салықты бағалау Компанияның есеп беру кезеңінің аяғында өз активтерінің баланстық құнын өтеуді не төлеуді немесе міндеттемелерін ретке келтіруді жоспарлайтын тәсілден туындайтын салық салдарын көрсетеді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері ағымдағы салық активтерін ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы санақ жүргізуге заңды бекітілген құқығы болса және осы активтер мен міндеттемелер бір салық органы бірдей салық салынатын кәсіпорыннан немесе әртүрлі салық салынатын кәсіпорыннан өндіріп алатын пайдаға салынатын салыққа жатқызылады, бірақ бұл кәсіпорындар ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерін таза негізде немесе осы кәсіпорындардың салық активін іске асыру олардың салық міндеттемесін өтеумен бір уақытта жүргізілетін болса ғана есепке алынады.

Ағымдағы және кейінге қалдырылған табыс салығының шамасын анықтаған кезде Компания анықталмаған салық жайғасымдарының әсерін және уақытында төленбеген салық үшін салықты қосымша есептеу және айыппұл мен өсімпұлды есептеу мүмкіндігін ескереді. Бірқатар факторларды бағалау нәтижесін негізге алып, сонымен қатар қазақстанның салық заңнамасының түсіндірілуі мен өткен жылдардың тәжірибесіне сүйене отырып, Компания басшылығы салық органдарының бюджетпен толық есеп айырысуды тексеруге құқылы барлық салық кезеңі үшін салықты төлеу міндеттемелері толық мөлшерде көрсетілген деп пайымдайды. Бұл бағалау есептік бағалауға негізделген және келешектегі оқиғалар әсеріне қатысты бірқатар кәсіби пайымдаудың қалыптасуын қарастыруы мүмкін. Уақыт өте Компанияның өкіміне жаңа ақпарат түсуі мүмкін, оған байланысты Компанияда салықты төлеу бойынша істегі міндеттемелердің сәйкестігіне қатысты өз пікірлерін өзгерту қажеттігі туындауы мүмкін. Салық төлеу бойынша міндеттемелер шамасының осындай өзгерістері осы пайымдаулар өзгерген кезең ішіндегі салық сомасына әсер етеді.

**(д) Негізгі құралдар**

**(i) Тану және бағалау**

Негізгі құрал объектілері жинақталған амортизация сомасын және құнсызданудан болған жинақталған залалды шегере отырып өзіндік құны бойынша көрсетіледі.

Өзіндік құнына тиісті активті тікелей сатып алуға байланысты шығындар қосылады. Өз күшімен тұрғызылған (салынған) активтердің өзіндік құнына материалдарға кеткен шығындар, еңбекақыны төлеуге жұмсалған тікелей шығындар, активтерді тағайындалуы бойынша қолдану үшін оларды жұмыстық күйге келтіруге тікелей байланысты барлық өзге шығындар, активтерді демонтаждау мен аударуға және ол алып жатқан учаскені қалпына келтіруге жұмсалатын шығындар, қарыз бойынша күрделі шығындар қосылады. Тиісті жабдықтың функционалдық тағайындалуымен тығыз байланысты бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуға жұмсалатын шығын осы жабдықтың құнына капиталдандырылады.

Негізгі құрал объектісін құрайтын елеулі компоненттердің қолдану мерзімі әртүрлі болса, олар негізгі құралдың бөлек объектілері (маңызды компоненттері) ретінде есепке алынады.

Негізгі құрал объектісінің шығарылуынан болған пайда немесе залал сомасы оның шығарылуынан болған түсімді оның баланстық құнымен салыстыру арқылы анықталады және кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында «Өзге кірістер» немесе «Өзге шығындар» жолында таза шамасында танылады.

**(ii) Кейінгі шығыстар**

Компания көрсетілген компонентке байланысты келешекте экономикалық пайда алатыны ықтимал болғанда және оның құнын сенімді түрде бағалау мүмкін болған жағдайда, негізгі құрал объектісінің маңызды компонентін ауыстыруға байланысты шығасылар осы объектінің баланстық құнын арттырады. Ауыстырылған компоненттің баланстық құны есептен шығарылады. Негізгі құрал объектілеріне күнделікті қызмет көрсетуге байланысты жұмсалған шығасылар олардың туындауына қарай кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында танылады.

**(iii) Амортизация**

Негізгі құрал объектілерінің амортизациясы олар орнатылып, қолдануға дайын болған күннен бастап, ал өз күшімен салынған негізгі құрал объектілері үшін – объектінің құрылысы аяқталып, оның пайдалануға дайын болған уақыттан басталады. Амортизация активтің есептелген қалдық құнын шегере отырып осы активтің өзіндік құны негізінде есептеледі.

Қағида бойынша, негізгі құрал объектісінің әр компоненті оның күтілетін пайдалы қолдану мерзімі ішінде сызықты әдіспен амортизацияланады, себебі дәл осы әдіс активте тұжырымдалған келешек экономикалық пайдадан күтілетін тұтыну сипатын анағұрлым анық көрсетеді. Жалға алынған активтер келесі екі мерзімнің: жалдау мерзімінің және тиісті активтерді жалдау мерзімінің аяғында осы активтерге меншік құқығы Компанияға өтетіндігі туралы негізделген сенімділік болған жағдайды қоспағанда, активтің пайдалы қолдану мерзімінің ең төменгісі барысында амортизацияланады. Жер телімдері амортизацияланбайды.

Есеп берілетін және салыстырмалы кезеңдердегі негізгі құралдарды күтілетін пайдалы қолдану мерзімі төмендегідей болды:

- Ғимараттар мен құрылыстар 20-45 жыл;
- Машиналар мен жабдықтар 7-30 жыл;
- Көлік құралдары 5-24 жыл;
- Компьютерлер және шеткері құрылғылары 5-8 жыл;
- Кеңсе жиһазы және өзге негізгі құралдар 5-10 жыл.

Амортизация әдістері, күтілетін пайдалы қолдану мерзімдері және негізгі құралдардың қалдық құны әрбір есеп беру күніндегі жағдай бойынша сарапталып, қажет болған жағдайда түзетіледі.

**(e) Қаржы құралдары**

**(i) Тану және бастапқы бағалау**

Дебиторлық берешек бастапқыда ол туындаған сәтте танылады. Барлық өзге қаржылық активтер мен міндеттемелер бастапқыда Компанияның көрсетілген құралдар пәні болып табылатын шарттық қатынастарға түскен кезде танылады.

Қаржылық актив (егер бұл құрамында елеулі қаржыландыру компоненті жоқ дебиторлық берешек болмаса) немесе қаржылық міндеттеме бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады, ал пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын есепке алу объектісі үшін оны иемденуге немесе шығаруға тікелей жатқызылатын мәміле бойынша шығасылар сомасы қосылады. Құрамында елеулі қаржыландыру компоненті жоқ дебиторлық берешек бастапқыда мәміле бағасы бойынша бағаланады.

**(ii) Жіктеу және ары қарайғы бағалау**

**Қаржылық активтер**

Бастапқы таныған кезде қаржылық актив: борыштық құралдары үшін - амортизацияланған құны бойынша, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша, үлестік құралдары үшін - өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша не болмаса пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланады деп жіктеледі.

Компания қаржылық активтерді басқарудың бизнес-моделін өзгерткен жағдайда ғана бастапқы танығаннан кейін қаржылық активтері қайта жіктеледі және бұл жағдайда әсер етілген барлық қаржылық актив бизнес-модельдің өзгеруінен кейінгі есеп берілетін кезеңінің бірінші күні қайта жіктеледі.

Қаржылық актив төменде көрсетілген екі шартқа да сәйкес келгенде және ол Компанияның ұйғарымы бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелмеген жағдайда ғана, ол амортизациялық құны бойынша бағаланады:

- ол шартпен қарастырылған ақша ағымын алу үшін активтерді ұстап қалу мақсатында бизнес-модель шеңберінде ұсталып қалады, және
- оның шарттағы талаптары негізгі соманы және негізгі соманың өтелмеген бөлігі бойынша пайызды төлеу болып табылатын ақша ағымының белгіленген мерзімде пайда болуын қарастырады.

#### **Қаржылық активтер – бизнес-модельді бағалау**

Компания қаржылық құралдарының портфелі деңгейінде қаржылық актив ұсталып қалатын бизнес-модель аясында бағалау жүргізеді, өйткені бұл бизнесті басқаруды және басшылыққа ақпарат ұсыну әдісін ең үздік үлгіде көрсетеді. Бұл кезде келесі ақпарат қарастырылады:

- осы портфель үшін белгіленген саясат пен мақсаттар, сондай-ақ аталған саясаттарды тәжірибеде іске асыру. Бұл басшылықтың шартта қарастырылған пайыздық кірісті алу стратегиясын, пайыздық мөлшерлеменің белгілі бір құрылымын қолдауды, қаржылық активті өтеу мерзімінің осы активтерді қаржыландыру үшін пайдаланылатын қаржылық міндеттемелерді өтеу мерзіміне сәйкес келуін немесе ақшалай қаражаттың күтілетін жылыстауы немесе активтерді сату арқылы ақша ағымын іске асыруды қамтиды.
- портфель нәтижелілігі қалай бағаланады және бұл ақпарат Компания басшылығына қалай хабарланады.
- бизнес-модельдің (және осы бизнес-модель аясында ұсталатын қаржылық активтерінің) нәтижелігіне әсер ететін тәуекелдер және бұл тәуекелдерді басқару қалай жүзеге асырылады.
- портфельді басқаруға жауапты менеджерлерге сыйақы беру қалай жүргізіледі (мысалы, бұл сыйақыны беру аталған активтердің немесе шартта қарастырылған ақша қаражаты ағымдарының активтерден алынған әділ құнына тәуелді ме).
- өткен кезеңдерді сатылымдардың жиілігі, көлемі және мерзімдері, мұндай сатылымдардың себептері, сондай-ақ сатылымның болашақта күтілетін деңгейі.

Тануды тоқтату критерийлеріне сәйкес келмейтін мәмілелерде қаржылық активтерді үшінші тараптарға беру осы мақсаттағы сату ретінде қарастырылмайды және Компания осы активтерді тануды жалғастырады.

Сауда-саттық үшін ұсталатын немесе басқаруда болатын және нәтижелілігі әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтері пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланады.

#### **Қаржылық активтер - шартта қарастырылған ақша қаражатының ағымы негізгі сома мен пайызды төлеу ғана болып табылатындығы бағалау**

Осы бағалау мақсатында «негізгі сома» қаржылық активті бастапқы таныған кезде оның әділ құны деп анықталады. «Пайыздар» ақшаның уақытша құны үшін, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде өтелмей қалған негізгі сомаға қатысты кредиттік тәуекел үшін және басқа кредит беруге байланысты өзге де негізгі тәуекелдер мен шығасылар үшін (мысалы, өтімділік тәуекелі және әкімшілік шығасылар), сондай-ақ пайда маржасы үшін өтеу ретінде анықталады.

Шартта қарастырылған ақша ағымы негізгі соманың және негізгі соманың өтелмеген бөлігіндегі пайыздың («SPPi критерийі») ғана төлемі болып табылатындығын бағалаған кезде Компания қаржы құралының шарттағы жағдайларын талдайды. Бұл қаржылық актив бойынша шарттың талаптарында шарт бойынша ақша қаражатының мерзімін немесе оның сомасын қаржылық активті талданатын талаптарды қанағаттандыра алмайтындай етіп өзгерте алатын қандай да бір талаптың қарастырылған екендігін бағалауды қамтиды.



Бағалау жүргізген кезде Компания келесілерді талдайды:

- ақша қаражаты ағымының мерзімін немесе сомасын өзгерте алатын шартты оқиғалар;
- шартта қарастырылған купондық мөлшерлемені түзете алатын жағдайлар, оның ішінде ауыспалы мөлшерлеме туралы жағдайлар;
- мерзімінен бұрын өтеу және қызмет ету мерзімін пролонгациялау туралы жағдайлар; және
- келісілген активтерден ақша ағымдары бойынша Компанияның талаптарын шектейтін шарттар (мысалға, регресс құқығы жоқ қаржылық активтері).

Мерзімнен бұрын өтеген кезде төленген сома мәнісі бойынша негізгі соманың өтелмеген бөлігі және өтелмеген бөліктің пайызы болып табылса және оған шарттың қызмет етуін мерзімнен бұрын тоқтатқаны үшін ақылға сыйымды қосымша өтемақы кірген жағдайда, мерзімнен бұрын өтеу туралы шарты SPPI критерийіне сәйкес келеді.

Бұдан бөлек, егер қаржылық активі сыйлықақымен немесе шартта көрсетілген номинал сомасына қатысты дисконтпен сатып алынған немесе жасалған жағдайда ғана, мерзімнен бұрын өтеу туралы шарт осы критерийге сәйкес келеді деп қарастырылады, мерзімнен бұрын өтеген кезде төленуге тиіс сома мәнісі бойынша, шартта көрсетілген номиналдық сома болып табылады, оған шартта қарастырылған есептелген (бірақ төленбеген) пайыз (оған сондай-ақ шарттың қызмет етуін мерзімінен бұрын тоқтату үшін қисынды қосымша өтемақы да қосылуы мүмкін) қосылады; және қаржылық активті бастапқы таныған кезде оны мерзімнен бұрын өтеу туралы оның шартының әділ құны болмашы.

#### **Қаржылық активтер – ары қарайғы бағалау және пайдалар мен залалдар**

<b>Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтері</b>	Бұл активтер кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып амортизациялық құны бойынша бағаланады. Амортизациялық құны құнсызданудан болған залал шамасына азайтылады. Пайыздық кіріс, оң және теріс бағамдық айырма және құнсыздану сомасы пайда немесе залал құрамында танылады. Тануды тоқтатудан болған кез келген пайда немесе залал кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында танылады.
---	---

#### **Қаржылық міндеттемелер – жіктеу, кейінгі бағалау және пайда мен шығындар**

Қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құны бойынша немесе пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі. Қаржылық міндеттеме, егер ол саудаға арналған ретінде жіктелетін болса, пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі, бұл туынды құрал немесе оны ұйым бастапқы тану кезінде өз қалауы бойынша жіктейді. Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер әділ құн бойынша бағаланады және кез келген пайыздық Шығысты қоса алғанда, пайда мен залалдың нетто-шамасы пайда немесе шығын құрамында танылады. Өзге қаржылық міндеттемелер кейіннен тиімді пайыздық ставка әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Пайыздық Шығыс пен оң және теріс бағамдық айырмалар пайда немесе шығын құрамында танылады. Тануды тоқтату кезінде туындайтын кез келген пайда немесе залал пайда немесе шығын құрамында танылады.

#### **Қаржылық активтер**

Қаржылық активтің шарты өзгертін болса, Компания осындай түрлендірілген актив бойынша ақша қаражаты ағымының елеулі өзгешеленетінін бағалайды. Ақша қаражатының ағымы елеулі түрде өзгешеленетін болса («шарттың елеулі түрленуі»), онда бастапқы қаржылық активі бойынша шартта қарастырылған ақша қаражатының ағымына берілген құқықтар аяқталды деп есептеледі. Бұл жағдайда бастапқы қаржылық активін тану тоқтатылып, жаңа қаржылық активі есепте әділ құн бойынша танылады.

Компания шарттарды түрлендірудің елеулі болып табылатынына, яғни бастапқы қаржылық активі бойынша ақша қаражаттарының ағымы және түрлендірілген немесе оны алмастырған қаржылық активі бойынша ақша қаражаттары ағымдарының айтарлықтай ерекшеленетініне сапалы және сандық бағалау жүргізеді. Компания сапалық факторларды, сандық факторларды және сапалық пен сандық факторлардың жиынтықты нәтижесін талдай отырып, шарттарды түрлендірудің маңыздылығы пәніне сапалық және сандық факторлардың бағалауын жүргізеді. Ақша қаражаттарының ағымы айтарлықтай ерекшеленетін болса, онда бастапқы қаржылық актив бойынша шартта қарастырылған ақша қаражатының ағымына берілген құқықтар аяқталды деп есептеледі.

Осы бағалауды жүргізген кезде Компания қаржылық міндеттемені тануды тоқтатуға қатысты нұсқамаларды ұқсастығы бойынша басшылыққа алады.

Компания келесі сапалы факторлар негізінде түрлендіру елеулі болып табылады деген қорытындыға келеді:

- қаржылық актив валютасын өзгерту;
- қамтамасыз ету түрін немесе актив сапасының арттырудың өзге құралдарын өзгерту;
- SPP1 критерийіне сәйкес келмеуге алып келетін қаржылық актив шарттарын өзгерту (мысалға, айырбастау шарттарын қосу).

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын түрлендірілген актив бойынша ақша қаражатының ағымы айтарлықтай өзгермесе, онда мұндай түрлендіру қаржылық активін тануды тоқтатуға алып келмейді. Бұл жағдайда Компания қаржылық активтің жалпы баланстық құнын қайта есептейді және жалпы баланстық құнын түзету сомасын түрлендіруден болған пайда немесе залал ретінде пайда немесе залал құрамында таниды. Қаржылық активтің жалпы баланстық құны осы қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып ақша қаражатының дисконтталған қайта қарастырылған немесе түрлендірілген ақша қаражаты ағымының келтірілген құны ретінде қайта есептеледі. Жұмсалған шығасылар мен комиссиялар түрлендірілген қаржылық активтің баланстық құнын түзетеді және түрлендірілген қаржылық активтің қалған қызмет ету мерзімі ішінде амортизацияланады.

### **Қаржылық міндеттемелер**

Түрлендірілген міндеттеме бойынша ақша қаражаттары ағымының шамасы айтарлықтай өзгерген кезде Компания қаржылық міндеттемені тануды тоқтатады. Бұл жағдайда шарттары түрлендірілген жаңа қаржылық міндеттеме әділ құн бойынша танылады. Бұрынғы қаржылық міндеттеме мен шарттары түрлендірілген жаңа қаржылық міндеттеменің баланстық құны арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады.

Егер шарттарды түрлендіру (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) қаржылық міндеттемені тануды тоқтатуға алып келмесе, Компания шарттарын түрлендіру қаржылық активті тануды тоқтатуға алып келмейтін жағдайда қаржылық активтің жалпы баланстық құнын түзетуге қатысты тәсілмен келісетін есептік саясатын пайдаланады – яғни Компания осындай түрлендіру (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) нәтижесінде туындайтын қаржылық міндеттеменің амортизациялық құнын кез келген түзетуді шарттарын түрлендіру (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) күні пайда немесе залал құрамында таниды. Істегі қаржылық міндеттемелер бойынша ақша қаражатының ағымы шамасының өзгеруі, егер ол шарттың ағымдағы жағдайының салдары болса, шартты түрлендіру болып есептелмейді.

Компания сапалық факторларды, сандық факторларды және сапалық пен сандық факторлардың жиынтықты нәтижесін талдай отырып, шарттарды түрлендірудің маңыздылығы пәніне сапалық және сандық факторлардың бағалауын жүргізеді.

Компания келесі сапалы факторлар негізінде түрлендіру елеулі болып табылады деген қорытындыға келеді:

- қаржылық міндеттеме валютасын өзгерту;
- қамтамасыз ету түрін немесе міндеттемелер сапасының арттырудың өзге құралдарын өзгерту;
- айырбастау шарттарын қосу;
- қаржылық міндеттемелер дәреже сатысын өзгерту.

Жаңа шарттарға сәйкес ақша қаражаты ағымдарының келтірілген құны, соның ішінде бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған алынған комиссиялық сыйақыны шегергенде комиссиялық сыйақы төлемі бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша ақша қаражатының қалған ағымының дисконтталған келтірілген құнынан кем дегенде, 10%-ға өзгешеленетін болса, сандық бағалауды жүргізу үшін шарттар айтарлықтай ерекшеленеді деп есептеледі. Егер бір борыштық құралын басқа құралға ауыстыру немесе оның шартын түрлендіру есепте өтелу ретінде көрсетілетін болса, онда жұмсалған шығасылар немесе комиссиялар тиісті борыштық міндеттемені өтеуден болған пайданың немесе залалдың бір бөлігі ретінде танылады. Егер бір борыштық бағалы қағазын басқа қағазға ауыстыру немесе оның шартын түрлендіру есепте өтеу ретінде көрсетілмесе, онда тиісті міндеттеменің баланстық құны жұмсалған шығын немесе комиссия сомасына түзетіледі және осы түзету түрлендірілген міндеттеменің қалған қызмет ету мерзімі ішінде амортизацияланады.

### **(iii) Тануды тоқтату**

#### **Қаржылық активтер**

Компания қаржылық активінен түсетін ақша қаражатының ағымына шартта қарастырылған құқықтың қызмет ету мерзімі аяқталған кезде немесе осы қаржылық активіне берілетін меншік құқығына байланысты барлық дерлік тәуекел мен пайда екінші тарапқа берілетін мәміле жүргізу нәтижесінде осы активтен ақша қаражатының ағымын алу құқығын берген кезде немесе Компания осы қаржылық активқа меншік құқығына байланысты барлық дерлік тәуекел мен пайданы бермегенде және сақтамағанда және осы қаржылық активіне бақылауды сақтап қалмағанда қаржылық активті тануды тоқтатады.

Компания шарттары бойынша қаржылық жағдай туралы есебінде танылған активтерді беретін мәміле жасайды, бірақ бұл кезде ол берілген активтерге меншік құқығына байланысты барлық немесе барлық дерлік тәуекелдер мен пайданы сақтап қалады. Мұндай жағдайда берілген активтер есебінде тану тоқтатылмайды.

#### **Қаржылық міндеттемелер**

Компания қаржылық міндеттемелер бойынша шарттағы міндеттемелер орындалғанда, күші жойылғанда немесе тоқтатылған сәтте оны тануды тоқтатады. Сондай-ақ қаржылық міндеттеме шарттары түрлендіріліп, осындай түрлендірілген міндеттеме бойынша ақша қаражатының шамасы айтарлықтай өзгешеленген жағдайда, Компания қаржылық міндеттемені тануды тоқтатады және мұндай жағдайда түрлендірілген жағдайларға негізделген туындаған жаңа қаржылық міндеттеме әділ құны бойынша танылады.

Қаржылық міндеттемені тану тоқтатылған кезде өтелген баланстық құны мен төленген өтеу арасындағы айырма (соның ішінде берілген кез келген ақшалай емес активтер немесе өзіне алынған міндеттемелер) пайда немесе залал құрамында танылады.

### **(iv) Өзара есеп**

Қазіргі кезде Компанияның танылған соманың өзара есебін жүргізудің заңды қорғаумен қамтамасыз етілген құқығы болған кезде және ол бойынша есеп айырысуды таза негізде жасауға не болмаса активті өткізуді және міндеттемені орындауды бір уақытта орындауға ниеттенген кезде ғана қаржылық активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы жеке есебінде таза шамасымен өзара есепке алынып, ұсынылады.

**(ж) Құнсыздану**

**(і) Туынды емес қаржылық активтер**

*Қаржы құралдары*

Компания амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдарына (бұдан әрі – ККЗ) қатысты залалдар бойынша бағалау резервтерін таниды.

Компания залал бойынша резервті бүкіл мерзім ішіндегі ККЗ-на тең сомада таниды, бұған танылатын резерв сомасы күтілетін 12 айлық кредиттік залалдарына тең келесі құралдары кірмейді:

- бастапқы таныған сәттен бастап кредиттік тәуекелі (яғни қаржы құралының күтілетін қызмет ету мерзімі ішінде дефолттың орын алу тәуекелі) айтарлықтай жоғарыламаған банк шоттары бойынша қалдықтар.

Дебиторлық және өзге берешекке қатысты залал бойынша бағалау резервтері бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалға тең сомада бағаланады.

Бастапқы таныған сәттен бастап қаржылық актив бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылауын бағалаған кезде және ККЗ бағалаған кезде Компания орынды әрі шамадан тыс күш салусыз қолжетімді негізделген және расталған ақпаратты талдайды. Бұған сандық және де сапалық ақпарат және Компанияның өткен тәжірибесіне негізделген талдау және кредит сапасын негізделген бағалау, болжамды ақпарат кіреді.

Қаржылық актив бойынша кредиттік тәуекелдің сатып алушымен жасалған құрылыс бойынша шарт талаптарында көрсетілген төлемді кейінге қалдыру кезеңінен астам уақытқа мерзімі өтіп кетсе, Компания ол бойынша кредиттік тәуекел айтарлықтай жоғарылады деген болжам жасайды.

Қаржылық активті Компания қарыз алушының Компания алдындағы өзінің кредиттік міндеттемесін Компанияның кепілдемелі қамтамасыз етуді іске асыру (ол болған жағдайда) тәрізді шараларын қолданусыз толық мөлшерде өтейтіні екі талай болған жағдайда дефолт жағдайы орын алған қаржылық активтеріне жатқызады.

Компанияның пікірінше, егер борыштық бағалы қағаздың кредиттік рейтингісі әлемде жалпы мақұлданды «инвестициялық сапа» рейтингісінің анықтамасына сәйкес келетін болса, онда оның кредиттік тәуекелі төмен болады. Moody's рейтингілі агенттігінің бағалауы бойынша Компания оны Ваа3-ке тең немесе одан жоғары немесе Standard & Poor's рейтингілі агенттігінің бағалауы бойынша ВВВ- немесе одан жоғары деп қарастырады.

Бүкіл мерзім ішіндегі ККЗ - бұл қаржы құралының қызмет етуінің күтілетін барлық мерзімі ішінде барлық мүмкін дефолт оқиғалары нәтижесінде туындайтын ККЗ.

12 айлық ККЗ – бұл есеп беру күнінен кейін 12 ай ішінде (немесе қаржы құралының күтілетін қызмет ету мерзімі 12 айдан кем болса, одан қысқа мерзімде) болуы мүмкін дефолт оқиғасының салдарынан туындайтын ККЗ бір бөлігі.

Максималды кезең ККЗ Компанияның кредиттік тәуекелге ұшырайтын шартта қарастырылған ең көп кезең ішінде бағаланғанда қарастырылады.

*ККЗ бағалау*

Күтілетін кредиттік залалдары кредиттік залалдардың болу ықтималдығын ескере отырып теңдестірілген есептік бағалау болып табылады. Кредиттік залалдары барлық күтілетін кем алынған ақша қаражатының келтірілген құны ретінде бағаланады (яғни шартқа сәйкес Компания тиесілі ақша ағымдары мен Компания алуды күтетін ақша ағымдары арасындағы айырма).

ККЗ осы қаржылық активтің тиімді пайыз мөлшерлемесі бойынша дисконтталады.

### *Кредиттік құнсызданған қаржылық активтер*

Әр есеп берілетін күні Компания амортизациялық құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтерін кредиттік құнсыздануы пәніне бағалайды. Қаржылық актив бойынша ақша қаражатының келешектегі есептік ақша қаражатына жағымсыз әсер ететін бір немесе бірнеше жағдай орын алған кезде, қаржылық активі «кредиттік құнсызданған» болып табылады.

Байқалатын келесі деректер қаржылық активтің кредиттік құнсыздануының куәсі болып табылады:

- қарыз алушының немесе эмитенттің елеулі қаржы қиыншылықтары;
- дефолт немесе төлем мерзімін 180 күннен астам уақытқа кешіктіру тәрізді шарт талаптарын бұзу;
- Компанияның қарызды немесе аванс төлемін, өзге жағдайда ол мұны қарастырмайтын жағдайда қайта құрылымдауы;
- қарыз алушының банкротқа ұшырау немесе оның өзгедей қаржылық қайта ұйымдастырылу ықтималдығының пайда болуы; немесе
- қаржылық қиындық нәтижесінде бағалы қағаз үшін белсенді нарықтың жойылуы.

### **Қаржылық жағдай туралы есебінде күтілетін кредиттік залалдары бойынша бағалау резервін ұсыну**

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтерінің залал бойынша бағалау резервтері осы активтердің жалпы баланстық құнынан шегеріледі.

#### *Есептен шығарулар*

Компанияның қаржылық активтің толық сомасының немесе оның бір бөлігінің өтелуін күту негізі болмаған кезде, қаржылық активтің толық баланстық құны есептен шығарылады. Кәсіпорындарға қатысты Компания соманы өтеудің негізделген күтуін бастамаға ала отырып есептен шығару мерзімдері мен сомалары бойынша жеке бағалайды. Компания есептен шығарылған соманың елеулі өтелуін күтпейді. Алайда есептен шығарылған қаржылық активтері тиесілі сомалардың өтелуіне қатысты Компания рәсімдеріне сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында құқық қолдану объектісі болып қалуы мүмкін.

#### **(ii) Қаржылық емес активтер**

Әр есеп берілетін күні Компания өзінің материалдық және материалдық емес активтерінің баланстық құнын оларда құнсыздану белгілерін анықтау пәніне тестіден өткізеді. Құнсыздану белгілері болған кезде басшылық өтелетін соманы бағалайды, ол келесі екі шаманың: активтің әділ құнынан өткізу шығыны және қолданыстағы құны шегерілген ең жоғары шамасы ретінде анықталады. Баланстық құны өтелетін сомаға дейін азаяды және құнсызданудан болған залал жыл ішіндегі пайда немесе залал құрамында танылады. Қолданыстағы актив құнын анықтау үшін қолданылған есептік бағалауларында немесе өткізу бойынша шығынды шегере отырып әділ құнында өзгерістер туындаған кезде, алдыңғы жылдары актив бойынша танылған құнсызданудан болған залал активтің құнсыздануынан бұрын танылған залал сомасы аясында қалпына келтіріледі.

#### **(3) Акционерлік капитал**

##### ***Қарапайым акциялар***

Қарапайым акциялар меншікті капитал ретінде жіктеледі. Қарапайым акцияларды және акцияға опционды тікелей шығаруға байланысты қосымша шығасылар меншікті капитал шамасынан салық нәтижесін есепке ала отырып көрсетіледі.

##### ***Жарғылық капиталды (меншікті акцияларды) төлеп алу, шығару және қайта жайгастыру***

Капитал ретінде танылған акцияларды төлеп алған жағдайда осы сатып алуға тікелей байланысты барлық шығасыларды қоса алғанда төленген сома салық нәтижесін шегере отырып капитал шамасынан шегеріледі. Төлеп алынған акциялар акционерлерден сатып

алынған меншікті акциялар болып жіктеледі және меншікті акциялар резервінің құрамында көрсетіледі. Меншікті төлеп алынған акцияны ары қарай сату немесе кейін қайта жайғастыру нәтижесінде алынған сома капиталдың өсімі деп көрсетіледі, ал осы операция нәтижесінде туындайтын пайда немесе залал қосымша капитал құрамында көрсетіледі.

**(и) Берілген аванстар**

Берілген аванстар есептілікте құнсыздану бойынша резервін шегере отырып бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Берілген аванстар мердігерлермен жасалған шарт талаптарына сәйкес ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі немесе бастапқы таныған кезде берілген аванстар есепте айналымнан тыс деп көрсетілетін болса активке жатқызылады. Активті иемдену үшін берілген аванс сомасы Компания осы активке бақылау алған кезде және Компанияның оған байланысты келешек экономикалық пайданы алу ықтималдығы болғанда, оның баланстық құнына кіреді. Берілген аванстарға жататын активтердің, тауарлардың немесе қызметтердің алынбайтындығының белгісі болса, берілген аванстардың баланстық құны азайтылуға тиіс және құнсызданудан болған тиісті залал пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

**(к) Сенімгерлік басқару шарттарының есебі**

***Қайта құрылмайтын сенімгерлік басқару шарты***

2013 ж. 30 мамырында жалпыға ортақ пайдаланылатын республикалық маңызы бар «Астана-Щучинск» автомобиль жолының телімін (бұдан әрі «Объект») ары қарай төлеп алу құқығынсыз 10 жыл мерзімге Компанияның сенімгерлік басқаруына беру туралы ҚР ҚМ ММЖК, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі және Компания арасында сенімгерлік басқару шарты жасалды. Сенімгерлік басқару шарты Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 2013 ж. 1 шілдесінде тіркелді.

Объектіні сенімгерлік басқаруға көлік құралдарының жүруі, автомобиль жолын күтіп-ұстау мен ағымдағы жөндеу үшін ақы алу кіреді.

Сенімгерлік басқару шартының объектісін беру меншік құқығының ауысуына алып келмейді. Компания сенімгерлік басқару есебін сенімгерлік басқарумен байланысты емес операциялар мен оқиғалар есебінен бөлек жүргізеді.

Шарт Компанияның түсімді алуына құқық бермейді, өйткені Компания ҚР ҚМ ММЖК атынан көлік құралдарының жүруі, автомобиль жолын күтіп ұстау және ағымдағы жөндеу үшін ақы алатын сенімгерлік басқарушы болып табылады. Сәйкесінше, көлік құралдарының жүріп өтуі үшін төлем түріндегі барлық түсім және сәйкес шығындар таза негізінде беріліп, нәтижесі жолақадан түскен түсімнің Компанияның осы жолды күтіп ұстауға жұмсайтын шығынынан асып түсетініне немесе асып түспейтініне қарай ҚР ҚМ ММЖК алдындағы кредиторлық берешегі не болмаса ҚР ҚМ ММЖК-нен дебиторлық берешегі ретінде көрсетіледі.

***Қайта құрылатын сенімгерлік басқару шарттары***

Автомобиль жолдарының келесі телімдері Компанияның сенімгерлік басқаруында: 2016 жылғы 11 ақпандағы шартына сәйкес «Күрті-Бурылбайтал», 2016 жылғы 31 наурыздағы шарттарына сәйкес «Қалбатау-Майқапшағай», «Талдықорған-Қалбатау-Өскемен», «Меркі-Бұрылбайтал», 2017 жылғы 21 сәуіріндегі шартына сәйкес «Астана қ. айналып өту» және 2018 жылғы 5 мамырдағы шартына сәйкес «Қарағанды-Балқаш» (1 (б) Ескертпесі).

Сенімгерлік басқару шарттарының талаптарына сәйкес Компания автомобиль жолдарының телімдерін қайта құру жұмыстарын ұйымдастырып, басқаруға және сенімгерлік басқару объектілерінің кейіннен ақылы қозғалысын және ары қарайғы қолдануын ұйымдастыруға тиіс. Компания автомобиль жолдарының телімдерін қайта құру жұмыстарын ұйымдастыру және басқару бойынша қызмет көрсетуге байланысты шығынды өтеуге құқылы.

Компания 15 ҚЕХС (IFRS) стандартына сәйкес қайта құру жұмыстарын ұйымдастыру және басқару бойынша қызмет көрсету бөлігінде өзін Агент деп есептейді, толық сипатталуы 5 Ескертпесінде ұсынылған.

Сенімгерлік басқару объектілерін ары қарай пайдалану бөлігінде шарттар Компанияның түсімді алу құқығын қарастырмайды, өйткені Компания ҚР ҚМ ММЖК атынан көлік құралдарының жүруі, автомобиль жолдарын күтіп ұстау және ағымдағы жөндеу үшін ақы алатын сенімгерлік басқарушы болып табылады. Сәйкесінше, көлік құралдарының жүріп өтуі үшін төлем түріндегі барлық түсім және сәйкес шығындар таза негізінде беріліп, нәтижесі жолақидан түскен түсімнің Компанияның осы жолды күтіп ұстауға жұмсайтын шығынынан асып түсетініне немесе асып түспейтініне қарай ҚР ҚМ ММЖК алдындағы кредиторлық берешегі не болмаса ҚР ҚМ ММЖК-нен дебиторлық берешегі ретінде көрсетіледі.

**(л) Қызметкерлерге сыйақы**

***Қысқа мерзімді сыйақылар***

Қызметкерлерге берілетін қысқа мерзімді сыйақыларға қатысты міндеттеме шамасын анықтаған кезде дисконттау қолданылмайды және тиісті шығындар қызметкерлердің қызмет көрсетуі бойынша танылады. Компанияның өткен кезеңде қызметкерлердің қызмет көрсетуі нәтижесінде туындаған тиісті соманы төлеу бойынша істегі заңды немесе қалыптасқан тәжірибемен шартталған міндеттемесі болса және осы міндеттеме шамасын сенімді түрде бағалау мүмкін болғанда, ақшалай сыйлықақыны төлеудің қысқа мерзімді жоспары немесе пайдаға қатысу аясында төленуі күтілетін сомаға қатысты міндеттемесі танылады.

**(м) Болашақ кезеңдегі шығындар бойынша кейінге қалдырылған өтемақы және кейінге қалдырылған өтеулер бойынша міндеттемелер**

Банк қарыздары бойынша болашақ пайыз шығындарын өтеуден алынған экономикалық пайда пайыз шығындарын өтеудің болашақ ағымдары мен бастапқы таныған кезде олардың әділ құны арасындағы айырма мөлшерінде есепке алынады, ол банк қарыздары шарттарының аясында қолданыстағы нарық мөлшерлемелері бойынша есептелген.

Болашақ кезеңдегі шығындар бойынша кейінге қалдырылған өтемақы осы өтеуді алу үшін қажетті барлық жағдайдың жасалатындығына және өтеудің алынатындығына жеткілікті сенімділік пайда болған кезде танылады.

Болашақ кезеңдегі шығындар бойынша кейінге қалдырылған өтемақы және кейінге қалдырылған өтемақылар бойынша сәйкес міндеттеме бір уақытта АЖК өтемақы төлейтін пайдалар мен залалдарда пайыз бойынша ағымдағы қаржы шығындарын танумен пайда және залалда жүйелі негізде танылады.

Болашақ кезеңдегі шығындар бойынша кейінге қалдырылған өтеуді әділ құнына дейін түзетулер амортизациясы және жыл ішіндегі банк қарыздары бойынша пайыз шығындарының сомасы аясында сәйкес кейінге қалдырылған өтеулер бойынша міндеттемелерді азайту қаржылық кірістерінде, жыл ішіндегі пайда және залал және өзге жиынтық кіріс туралы есебінде көрсетіледі.

**(н) Жалгерлік**

***2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қабылданатын есептік саясат***

Шарт жасасу кезінде Компания шарттың жалгерліктің тұтастай немесе оның жекелеген компоненттері болып табылатынын бағалайды.

Егер осы Шарт бойынша белгілі бір уақыт кезеңі ішінде өтеуге айырбасталатын сәйкестендірілген активтің пайдаланылуын бақылау құқығы берілетін болса, шар жалгерлік шарты немесе жалгерлік компоненті болады. Осы Шарт бойынша сәйкестендірілген активтің пайдаланылуын бақылау құқығы берілгенін бағалау үшін Компания 16 ҚЕХС (IFRS) сәйкес жалдау анықтамасын қолданады.

Бұл есеп саясаты 2019 жылдың 1 қаңтарында немесе кейінірек жасалған шарттарға қолданылады.

**(i) Компания жалға алушы ретінде**

Шарттың жалгерлік компонентін мазмұндайтын әрекеті мен түрленуі басталғанда Компания шартта көзделген әрбір жалгерлік компонентін өтеуді оқшауланған мәміленің салыстырмалы бағасының негізінде бөледі. Алайда, кейбір жылжымайтын мүлік объектілерін жалдау шарттарына қатысты Компания жалгерлік болып табылмайтын компоненттерді бөлмеуге және жалгерлік компоненттері мен жалгерлік болып табылмайтын тиісті компоненттерді жалгерліктің бір компоненті ретінде есепке алу туралы шешім қабылдады.

Компания пайдалану құқығы нысанында активті және жалгерлік басталған мерзімде жалдау бойынша міндеттемені мойындайды. Пайдалану құқығы нысанындағы Актив бастапқыда жалдау басталған күні немесе осындай күнге дейін жасалған жалдау төлемдерінің шамасына түзете отырып, келтірілген бастапқы тікелей шығындарға ұлғайтылған жалдау жөніндегі міндеттеменің бастапқы шамасын құрайтын бастапқы құны бойынша және жалдау бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді шегере отырып, базалық активті бөлшектеу және орнын ауыстыру, базалық активті немесе ол орналасқан учаскені қалпына келтіру кезінде туындаған шығындардың бағалау шамасы бойынша бағаланады.

Жалдау шартына сәйкес базалық активке меншік құқығы компанияға жалдау мерзімінің соңына дейін берілетін немесе пайдалану құқығы нысанындағы активтің бастапқы құны компанияның сатып алуға опционды орындауын көрсететін жағдайларды қоспағанда, кейіннен пайдалану құқығы нысанындағы актив жалдау басталған күннен бастап және жалдау мерзімі аяқталғанға дейін желілік әдіспен амортизацияланады. Мұндай жағдайларда пайдалану құқығы нысанындағы актив негізгі құралдар үшін қолданылатын тәсілді пайдалана отырып айқындалатын базалық активті пайдалы пайдалану мерзімі ішінде амортизацияланады. Бұған қосымша пайдалану құқығы нысанындағы активтің құны ол болған кезде құнсызданудан болған шығындардың шамасына кезеңімен төмендейді, сондай-ақ жалдау бойынша міндеттемелерге белгілі бір қайта бағалау жүргізу кезінде түзетіледі.

Жалдау бойынша міндеттеме бастапқыда жалдау шартына енгізілген пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған, жалдау басталған күні төленбеген жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша немесе мұндай мөлшерлеме Компанияның қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесіе пайдалана отырып оңай айқындалмаған жағдайда бағаланады. Әдетте, Компания өзінің қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін дисконттау мөлшерлемесі ретінде пайдаланады.

Компания әр түрлі сыртқы көздердегі пайыздық мөлшерлемелерге сүйене отырып, қосымша қарыз қаражатын тартуда өз мөлшерлемесін айқындайды және жалға алу талаптары мен жалдау активтерінің түрлерін ескеру үшін белгілі бір түзетулер жасайды.

Жалдау бойынша міндеттемелерді бағалауға енгізілетін жалға алу төлемдері:

- тіркелген төлемдер, оның ішінде шын мәнінде тіркелген төлемдер;
- жалға алу басталған күннен индексті немесе мөлшерлемені пайдалана отырып бастапқыда бағаланатын индекске немесе мөлшерлемеге байланысты ауыспалы жалдау төлемдері;
- сомасы жоспарланғандай тарату құны кепілдігі бойынша жалға алушы төлейді;
- егер Компания осы опционды орындайтынына жеткілікті сенімділік болса, сатып алуға арналған опционды орындау бағасы, егер Компания жалға алуды ұзартуды опционның орындайтынына жеткілікті сенімділік болса, жалға алуды ұзарту опционның пайда болғанда туындайтын қосымша жалға алу мерзімінің ішінде жалға алу төлемдері, және Компания жалға алуды мерзімінен бұрын тоқтатпайтынына жеткілікті түрде сенімділік болған жағдайларды қоспағанда, жалға алуды мерзімінен бұрын тоқтатқаны үшін айыппұлдар.

Жалға алу бойынша міндеттеме тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Ол егер индекс немесе мөлшерлеменің өзгеруінің нәтижесінде келешекте жалға алу төлемдері өзгерсе, егер Компанияның таратылу құнының кепілдігі бойынша төлемге жататын келісілген сома бағасы өзгерсе, егер Компания сатып алу опционын, жалға алуды ұзартуға немесе оны тоқтату опционын орындау немесе



орындамауына қарамай бағалауды өзгертсе немесе шын мәнінде тіркелген болып табылатын жалға алу төлемі қайта қаралса ол қайта бағаланады.

Жалға алу бойынша міндеттеме қайта қаралғанда, тиісті түзету пайдалану құқығы нысанындағы активтің баланстық құнына қатысты жүргізіледі немесе пайдалану құқығы нысанындағы активтің баланстық құны бұрын нөлге дейін шегерілген болса, пайдаға немесе шығынға жатқызылады.

Компания пайдалану құқығы нысанындағы инвестициялық жылжымайтын мүліктің анықтамасына жауап бермейтін активтерді "негізгі құралдар" бабының құрамына, ал жалға алу бойынша міндеттемелерді – қаржылық жағдай туралы есептегі "кредиттер мен қарыздар" бабының құрамына ұсынады.

Компания жалға алу бойынша пайдалану құқығы және міндеттемелер нысанында активтерді құны төмен және қысқа мерзімді активтерді, оның ішінде ИТ құралын жалға алу шарттарына қатысты танымауға шешім қабылдады. Компания осындай шарттарға сәйкес жүзеге асырылатын жалға алу мерзімі ішінде шығын ретінде желілік есептеу әдісімен төленетін жалға алу төлемдерін таниды.

**(ii) Компания жалға беруші ретінде**

Шарттың жалгерлік компонентін мазмұндайтын әрекеті мен түрленуі басталғанда Компания шартта көзделген әрбір жалгерлік компонентін өтеуді оқшауланған мәміленің салыстырмалы бағасының негізінде бөледі.

Компания жалға беруші болып табылатын жағдайларда, ол жалдау қатынастары басталған күні шарттардың әрқайсысы қаржылық жалға немесе операциялық жалға беру болып табылатынын айқындайды.

Жалдау шартын топтастыру үшін компания жалгерлік шартының базалық активке иелік етуімен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде беретініне жалпы баға береді. Егер бұл орын алса, онда жалгерлік шарты қаржылық жалдау болып табылады; әйтпесе шарт операциялық жалдау болып табылады. Осы бағалау шеңберінде Компания белгілі бір индикаторларды, атап айтқанда, жалгерлік мерзімі активті экономикалық пайдалану мерзімінің елеулі бөлігін құрау құрамауын қарастырады.

Компания аралық жалға беруші болған жағдайларда жалгерліктің жәбасты шарты және қосалқы жалгерлік шарты жеке ескеріледі. Компания қосалқы жалгерлік шарты жіктемесін базалық актив негізінде емес, пайдалану құқығы нысанындағы актив негізінде анықтайды. Егер жалгерліктің негізгі шарты қысқа мерзімді болып табылса, компания оған қатысты жоғарыда сипатталған ерекшелікті қолданатын болса, қосалқы жалгерлік шарты операциялық жалгерлік ретінде жіктеледі.

Егер келісім жалгерлік компоненті мен жалгерлік болып табылмайтын компонентті қамтыса, компания өтеуді шарт бойынша бөлу үшін ХҚЕС (IFRS) 15 қолданады.

Компания 9 ҚЕХС (IFRS) талаптарын жалға алынған таза инвестицияға қатысты тануды және құнсыздануды тоқтатуға қатысты қолданады. Бұдан басқа, компания жалпы инвестициялар есебінде жалгерлікке пайдаланылған кепілсіз тарату құнының есептік шамаларын өзгерту қажеттілігі тұрғысынан тұрақты түрде талдайды.

Компания операциялық жалгерлік шарттары бойынша алынған жалгерлік төлемдерін жалгерлік мерзімі ішінде "Басқа түсім" бабының мазмұнында желілік әдіспен пайда ретінде таниды

Әдетте, компания жалға беруші ретінде салыстырмалы кезеңде қолданған есептік саясат қаржылық жалгерлік ретінде ағымдағы есептік кезең ішінде жасалған қосалқы жалгерлік шарттарын сыныптауды қоспағанда, 16 ХҚЕС (IAS) талаптарынан ерекшеленбеген.

### **2019 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылған есеп саясаты**

2019 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған шарттар бойынша Компания осы Келісімнің жалпы жалгерлік болып табылатынын немесе бағалау негізінде жалгерлік элементін ғана қамтитынын анықтады:

- келісімді орындау қандай да бір нақты активті немесе активтерді пайдалануға байланысты ма; немесе
- осы Келісім шеңберінде активті пайдалану құқығы беріле ме. Егер мынадай шарттардың кез келгені орындалса, келісім активті пайдалану құқығын береді:
  - сатып алушы осы активпен өндірілген өнімді елеусіз көлемнен асатын көлемде ала отырып немесе бақылай отырып, осы активті басқаруға мүмкіндігі немесе құқығы болған;
  - сатып алушы активке физикалық қол жеткізуді бақылау мүмкіндігі немесе құқығы бар, бұл ретте осы актив өндірілген өнімді елеусіз көлемнен асатын көлемде ала отырып немесе бақылай отырып;
  - фактілер мен мән-жайлар басқа Тараптардың өнім елеусіз көлемнен асатын көлемде алатыны ықтималдығының төмендігін көрсетті және бұл ретте өнім бірлігінің бағасы шартта өнім бірлігінің сомасы ретінде тіркелмегенін және өнім бірлігінің ағымдағы нарықтық бағасына тең еместігін көрсетті.

#### **(i) Компания жалға алушы ретінде**

Салыстырмалы кезеңде компания жалға алушы ретінде жалдау шарттарын жіктеді, оларға сәйкес қаржылық жалгерлік ретінде активті иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде берді. Бұл жағдайда жалға алынған активтер бастапқыда ең аз шамада бағаланды: әділ құны немесе жалгерлік төлемдерінің ең аз келтірілген құны. Шартты жалгерлік төлемін қоспағанда, жалға алушыдан талап етілген жалдау мерзімі ішіндегі төлемдер ең аз жалгерлік төлем болып табылады. Бастапқы танудан кейін активтер осындай активтерге қолданылатын есеп саясатына сәйкес есепке алынды.

Операциялық жалдау ретінде жіктелген қалған шарттар бойынша жалға алынған активтер компанияның қаржылық жағдайы туралы есепте танылмаған. Операциялық жалдау бойынша төлемдер жалдау мерзімі ішінде пайданың немесе залалдың құрамында желілік әдіспен танылған. Жалдау шарттары шеңберінде алынған ынталандырушы төлемдер жалдау мерзімі ішінде жалдау бойынша жалпы шығыстардың ажырамас бөлігі ретінде танылды.

#### **(ii) Компания жалға беруші ретінде**

Компания жалға беруші ретінде әрекет еткенде, ол жалгерлік қатынастары басталған күні жалгерлік шарттарының әрқайсысы қаржылық немесе операциялық жалдау болып табу табылмауын анықтады.

Жалгерлікті жіктеу үшін Компания жалдау нәтижесінде активті иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен пайданың берілгеніне жалпы баға берді. Мұндай жағдайда жалдау қаржылық деп жіктелді; өзге жағдайларда жалдау операциялық болып табылды. Осы бағалау шеңберінде Компания белгілі бір индикаторларды, атап айтқанда, жалдау мерзімі активті экономикалық пайдалану мерзімінің елеулі бөлігін құрайтынын қарастырды.

## **4 Әлі қолданысқа енбеген жаңа стандарттар мен түсініктемелер**

### **Жаңа стандарттар және пайдалануға қабылданбаған түсініктемелер**

Бірқатар жаңа стандарттар 2019 жылдың 1 қаңтарынан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін оларды мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен күшіне енеді. Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде Компания жаңа стандарттарды немесе стандарттарға түзетулерді мерзімінен бұрын қолдануды жүзеге асырмаған.

Стандарттарға келесі түзетулер мен түсіндірулер компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді:

- *ҚЕХС стандарттарында Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негізіне сілтемеге түзетулер.*
- *Бизнесті анықтау (3 ҚЕХС (IFRS) түзетулер).*
- *«Елеулі» ұғымын анықтау (1 ҚЕХС (IAS) және 8 ҚЕХС (IAS) түзетулер).*
- *17 ҚЕХС (IFRS) «Сақтандыру шарттары».*

## **5 Кіріс және комиссиялық сыйақыдан кіріс**

Компания жалпыға ортақ пайдаланылатын автожолдар желісін дамыту бойынша қызмет көрсетуден (автомобиль жолдарын салуды, қайта құруды, жөндеуді және күтіп ұстауды басқару) түсім алады.

233 мемлекеттік бағдарламасы бойынша шарттар, сондай-ақ 003 бағдарламасы және 091 бағдарламасы бойынша мемлекеттік тапсырманың орындалуы туралы шарттар аясында 15 ҚЕХС (IFRS) ауысқан кезде Компания жүргізген талдауға сәйкес, Компания «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» РММ атынан ҚР ИИДМ (тапсырыс беруші) мен мердігерлер (нақты орындаушы) арасында агент болып табылады және ол шарт бойынша құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру үшін комиссиялық сыйақы сомасын таниды. Осы талдау Компания Басшылығының жорамалдарға негізделген елеулі пайымдау саласы болып табылады және ол болашақ оқиғалардың әсеріне қатысты бірқатар кәсіби пайымдаманың қалыптасуын қарастыруы мүмкін. 2018 жыл ішінде шарт бойынша комиссиялық сыйақы жыл ішіндегі басқарушылық шығындардың өтелуімен ұсынылған.

Әрекеттерді агент пен принципал ретінде қалай бөлу керектігі туралы мәселені шешкен кезде басшылық келесі факторларды басшылыққа алды:

- Мемлекеттің жарғылық капиталға қатысуы жүз пайызды құрайтын Компания Қазақстан Республикасының көлік-логистикалық жүйесін дамыту арқылы тиімді инфрақұрылымын жасау мақсатында құрылды. Компания автомобиль жолдарын басқару жөніндегі Ұлттық оператор ретінде анықталды және осы уақытта ол автомобиль жолдарын қайта құру жобаларын іске асыру бойынша мемлекетке жәрдемдеседі;
- Нақты орындаушы тапсырыс беруші алдында шарт бойынша барлық міндеттеменің орындалуының кепілгері ретінде шығады, мердігер дефолтқа ұшыраған жағдайда Компанияның шарттың орындалуын қамтамасыз ету үшін меншікті қаражаты жоқ;
- Компанияның тапсырыс берушіге автомобиль жолдарын қайта құру бойынша қызметтердің тікелей көрсетілуі үшін жеткілікті қаражаты жоқ;
- Компания қызметтерді сату бағасын өзгерте алмайды;
- Компания кезең ішіндегі басқарушылық және операциялық шығындарды өтеуді қоса алғанда көрсетілген қызметтер актісі негізінде өтемақы алады;
- Компания нақты орындаушы беретін қызметтердің құнына әсер ете алмайды, бұл кезде Компания техникалық-экономикалық негіздемені және жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге қатысады, сондай-ақ Компания мердігер ұйымды тапсырыс берушіні тартусыз таңдайды; және
- Мердігер ұйымдары атқарған жұмыстардың өтелуін Компания толық мөлшерде беруге тиіс.

2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша Компания 850,826 мың теңге мөлшерінде комиссиялық сыйақыдан түскен кірісті таныды.

<b>мың теңге</b>	<b>2019 ж.</b>	<b>2018 ж.</b>
<i>Принципалдан алынған құрылыс шығындарын өтеу</i>	254,513,190	214,574,276
<i>Принципалдан алынған Компания шығындарын өтеу</i>	1,545,576	2,190,608
<i>Құрылысты ұйымдастыру және басқару бойынша қызмет көрсетуге байланысты шығындар</i>	(253,662,364)	(213,886,518)
<i>Кіріс</i>	2,396,402	2,878,366
<i>Өзіндік құны</i>	(1,545,576)	(2,190,608)
<b>Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша кіріс жиыны</b>	<b>850,826</b>	<b>687,758</b>

«Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» РММ (бұдан әрі – Принципал) алдындағы берешек.

<b>мың теңге</b>	<b>2019 ж.</b>	<b>2018 ж.</b>
<b>Кезең басында Принципал алдындағы берешек (15, 21 және 23 Ескертпелері)</b>	<b>95,032,727</b>	<b>124,042,872</b>
<b><i>Кезең ішінде алынған қаржыландыру</i></b>		
<i>Жолдарды салу мен қайта құру үшін Принципалдан нысаналы қаржыландыру</i>	142,766,955	194,053,796
<b><i>Алынған қаржыландыру жиыны</i></b>	<b>237,799,682</b>	<b>318,096,668</b>
<b><i>Есеп беру кезеңінде қолданылған қаржыландыру</i></b>		
- Құрылыс пен қайта құру үшін Принципал шығындары*	(253,662,364)	(213,886,518)
- Принципалдан алынған Компания шығындарын өтеу	(1,545,576)	(2,190,608)
- Аппаратты ұстау үшін Компания шығындары*	(850,826)	(687,758)
- Қаржылық шығындар	(8,264,362)	(6,299,057)
<b><i>Есеп беру кезеңінде қолданылған қаржыландыру жиыны</i></b>	<b>(264,323,128)</b>	<b>(223,063,941)</b>
<b>Есеп беру кезеңінің аяғында Принципал алдындағы берешек (15, 21 және 23-ескертпеле)</b>	<b>(26,523,446)</b>	<b>95,032,727</b>

\* Принципал атынан жоғарыда көрсетілген шығындарға мыналар кірді:

	<b>2019 ж.</b>	<b>2018 ж.</b>
<i>003 бағдарламасы және 091 бағдарламасы 100 ішкібағдарламасы бойынша берілген шоттар сомасы</i>	159,308,274	200,951,843
<i>Қаржы шығындары шегерілген 233 бағдарламасы бойынша берілген шоттар сомасы</i>	95,115,831	14,235,743
<i>091 бағдарламасы, 102 ішкібағдарламасы бойынша берілген шоттар сомасы</i>	1,634,661	1,577,298
	<b>256,058,766</b>	<b>216,764,884</b>

Компания қызметтерінің негізгі сатып алушысы «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» РММ болып табылады.

Қазақстан Республикасы Компанияның өз қызметін жүргізетін географиялық нарығы болып табылады.

Осы қызметтерді Компания республикалық маңызы бар инвестициялық жобаларды іске асыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша, сондай-ақ республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жөндеу жұмыстарын атқаруды ұйымдастыру бойынша мемлекеттік тапсырмалар аясында орындады.

## 6 Өзіндік құны

мың теңге	2019 ж.*	2018 ж.*
Еңбекақы	923,965	1,424,369
Тозу және амортизация	207,356	215,220
Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар	71,516	75,570
Шикізат пен материалдар	23,765	214,289
Өзге	318,974	261,160
	<b>1,545,576</b>	<b>2,190,608</b>

\* Автожолдарындағы құрылыс жұмыстарына байланысты принципал атынан жұмсалған шығын сомасы 5-ескертпесінде ашып көрсетілген.

## 7 Әкімшілік шығындар

мың теңге	2019 ж.	2018 ж.
Еңбекақы және тиісті салық аударымдары	861,493	958,473
Жалгерлік шығындары	92,615	155,649
Тозу және амортизация	79,330	29,870
Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар	66,681	70,861
Іссапар шығындары	49,594	44,541
Материалдар	22,158	12,219
Кеңесшілер қызметтері	17,876	27,123
Байланыс қызметтері	9,722	8,231
Коммуналдық қызметтері	6,150	5,823
Банк қызметтері	4,716	4,302
Табыс салығынан басқа салықтар	3,674	5,970
Өзге	116,952	65,919
	<b>1,330,961</b>	<b>1,388,981</b>

## 8 Табыс салығы бойынша шығындар

### (а) Салық мөлшерлемесі

Компания үшін қолданылатын салық мөлшерлемесі 20%-ды құрайды, ол қазақстан компаниялары үшін 2019 жылы табыс салығының мөлшерлемесі болып табылады (2018 жылы: 20%).

мың теңге	2019 ж.	2018 ж.
<i>Ағымдағы табыс салығы бойынша шығын</i>		
Есеп берілетін жыл	-	-
Алдыңғы кезеңдер үшін қосымша есептеу	(67,425)	(114,544)
<i>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығын</i>		
Мерзімдік айырмалардың пайда болуы және қалпына келуі	386,688	(1,605,484)
<b>Табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығын) жиыны</b>	<b>319,263</b>	<b>(1,720,028)</b>

**(б) Табыс салығы бойынша тиімді мөлшерлемені есептеу:**

	2019 ж.		2018 ж.	
	мың теңге	%	мың теңге	%
<b>Салық салуға дейінгі (залал)/пайда</b>	<b>5,231,537</b>	<b>100</b>	<b>(37,351,364)</b>	<b>100</b>
Заңнамамен бекітілген 20% мөлшерлемесі бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша үнемдеу / (шығын)	(1,046,307)	(20)	7,470,273	(20)
Залалдағы танылмаған салық өзгерістері	1,370,751	26	(8,595,396)	23
Сенімгерлік басқару шарты бойынша негізгі құралдарға және бағамдық айырма бойынша шығындарға байланысты өзге тұрақты айырмалар	(41,573)	(1)	32,019	-
Шегерілмейтін шығындар	36,394	1	(626,924)	2
	<b>319,263</b>	<b>6</b>	<b>(1,720,028)</b>	<b>5</b>

**(в) Кейінге қалдырылған танылған салық активтері мен міндеттемелері**

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелеріне мыналар жатқызылады:

мың теңге	Активтер		Міндеттемелер		Таза шамасы	
	2019 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2018 ж.
Болашақ кезеңдегі кірістер	1,354,206	949,791	-	-	1,354,206	949,791
Резервтер	501,153	38,990	-	-	501,153	38,990
Кейінге қалдырылған өтеулер бойынша міндеттемелер	15,852,602	10,979,398	-	-	15,852,602	10,979,398
Болашақ кезеңдегі шығындар бойынша кейінге қалдырылған өтемақы	-	-	(17,578,835)	(12,704,196)	(17,578,835)	(12,704,196)
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	-	-	(164,134)	(151,923)	(164,134)	(151,923)
Өтелетін қаржыландыру үшін шығындар	-	-	(1,268,808)	(802,564)	(1,268,808)	(802,564)
<b>Салық активтері/(Міндеттемелер)</b>	<b>17,707,961</b>	<b>11,968,179</b>	<b>(19,011,777)</b>	<b>(13,658,683)</b>	<b>(1,303,816)</b>	<b>(1,690,504)</b>

**(г) Кейінге қалдырылған салық қалдығының өзгеруі**

мың теңге	Кезең ішіндегі пайда немесе залал		
	2019 жылдың 1 қаңтары	құрамында танылды	2019 жылдың 31 желтоқсаны
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	(151,923)	(12,211)	(164,134)
Резервтер	38,990	462,163	501,153
Кейінге қалдырылған өтеулер бойынша міндеттемелер	10,979,398	4,873,204	15,852,602
Болашақ кезеңдегі шығындар бойынша кейінге қалдырылған өтемақы	(12,704,196)	(4,874,639)	(17,578,835)
Болашақ кезеңдегі кірістер	949,791	404,415	1,354,206
Өтелетін қаржыландыру үшін шығындар	(802,564)	(466,244)	(1,268,808)
	<b>(1,690,504)</b>	<b>386,688</b>	<b>(1,303,816)</b>

мың теңге	Кезең ішіндегі пайда немесе залал		
	2018 жылдың 1 қаңтары	құрамында танылды	2018 жылдың 31 желтоқсаны
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	(151,101)	(822)	(151,923)
Резервтер	25,473	13,517	38,990
Кейінге қалдырылған өтеулер бойынша міндеттемелер	8,827,684	2,151,714	10,979,398
Болашақ кезеңдегі шығындар бойынша кейінге қалдырылған өтемақы	(8,827,684)	(3,876,512)	(12,704,196)
Болашақ кезеңдегі кірістер	431,858	517,933	949,791
Өтелетін қаржыландыру үшін шығындар	(391,250)	(411,314)	(802,564)
	<b>(85,020)</b>	<b>(1,605,484)</b>	<b>(1,690,504)</b>

**(д) Кейінге қалдырылған танылмаған салық активтері**

Келесі баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтері танылған жоқ:

мың теңге	2019	2018
Салық залалдары	7,106,690	8,595,396
	<b>7,106,690</b>	<b>8,595,396</b>

Салық залалдарын есепке алу мерзімі 2029 жылы аяқталады. Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес шегерілетін мерзімдік айырмалардың қызмет ету мерзімі шектелмеген. Осы баптарға қатысты Компанияның осы салық пайдаларын қолдануына болатын болашақ салық салынатын пайданы алуға байланысты кейінге қалдырылған салық активтерінің танылмауы ықтимал болып табылмайды.

## 9 Өзге кірістер және шығындар

мың теңге	2019 ж.	2018 ж.
<b>Өзге кірістер</b>		
Бұрын құрылған резервті қалпына келтіруден түскен кіріс	1,279,610	-
Айыппұлдар мен өсімпұлдар бойынша кірістер	707,308	627,723
Тендерлік өтінімдердің орындалмауына тұрақсыздық айыбын өндіріп алудан түскен кіріс	110,496	-
Кредиторлық берешекті есептен шығарудан болған кірістер	44,537	64,370
Өзге кірістер	346,824	187,606
<b>Өзге кірістер жиыны</b>	<b>2,488,775</b>	<b>879,699</b>
<b>Өзге шығындар</b>		
Соттың істі қарауы бойынша резерв құру бойынша шығындар	(686,011)	-
Бюджетке айыппұлдар мен өсімпұлдар	(110,920)	(469,548)
Берілген аванстардың құнсыздануынан резерв құру және сенімсіз талаптарды шығынға жазу бойынша шығындар	(3,109)	(3,866,316)
Негізгі қаражаттарды шығару бойынша шығындар	-	(151)
Өзге шығындар	(227,126)	(33,676)
<b>Өзге шығындар жиыны</b>	<b>(1,027,166)</b>	<b>(4,369,691)</b>

Айыппұлдар мен өсімпұлдар бойынша кірістер шарт талаптарын бұзғаны үшін есептелген айыппұлдармен және өсімпұлдармен, шарттардың орындалуын қамтамасыз етудің өндіріліп алуымен ұсынылды.

«Комстроймонтаж» ЖШС 2017 жылдың 24 наурызындағы №31 және 2017 жылдың 24 наурызындағы №32 шарт талаптарына сәйкес 67,094 мың теңге және 66,099 мың теңге сомада банк кепілдігі түрінде шарттарды орындауды қамтамасыз ету, сондай-ақ 670,940 мың теңге және 660,986 мың теңге сомаға банк кепілдігі түрінде алғытөлемді қайтаруды қамтамасыз етуді тиісінше енгізді. Кепілдік міндеттемелер бойынша кепілгер «Нұрбанк» АҚ шықты. «Комстроймонтаж» ЖШС жұмысты шартпен бекітілген мерзімде орындаған жоқ, соған байланысты 2018 жылы Компания 1,382,635 мың теңге көлемінде «Комстроймонтаж» ЖШС берген алғытөлемдердің құнсыздануымен резерв танылды. 2019 жылдың 2 қазанда Нұр-Сұлтан қаласында Соттың қаулысына сәйкес «Нұрбанк» АҚ 1,279,610 мың теңге сомасында кепілдік міндеттемелер төледі, соған байланысты Компания осы сомаға «Комстроймонтаж» ЖШС берген алғытөлем бойынша алдын ала құрылған резервтің қайта қалпына келтіруден пайда танылды.

2015-2016 жылдары Компания «Дена Рахсаз Констракшн» ЖТАҚ Өкілдігі» компаниясының мердігеріне жалпыға ортақ пайдаланылатын автожолдарды қайта құру жұмыстары үшін 3,395,769 мың теңге мөлшерінде алғытөлем берді. Мердігер қызметтерді шарттағы мерзімде көрсеткен жоқ. Компания мердігермен жасалған шарттарды бұзу және берілген аванстарды қайтару талабымен сотқа жүгінді. 2018 жылы Компания басшылығы осы аванс шамасынан құнсыздану бойынша резервін 100% есептеу туралы шешім қабылдады.

2019 жылы «ALER Logistics» ЖШС 814,684 мың теңге көлемінде шығындарды өндіріп алу туралы Компанияға қуыным талаптарын қанағаттандыру өтінішімен Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот (МАЭС) жүгінді. Алматы қ. МАЭС шешіміне сәйкес «ALER Logistics» ЖШС Компанияға жалпы сомасы 686,011 мың теңге шығындарды өндіріп алу туралы қуыным талаптары ішінара қанағаттандырылды. Компания Алматы қалалық сотына шағым арыз берді. 2019 жылдың 25 желтоқсанындағы Алматы



қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулысымен шағым арыз қанағаттандырылмады.

2020 жылдың қаңтарында Компания 2019 жылдың 21 тамызындағы Алматы қаласы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот шешімдерін және 2019 жылдың 21 тамызындағы Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулыларын қайта қарау шешімі туралы Қазақстан Республикасының Жоғары сотына өтініш берді. Компания басшылығы экономикалық пайдалы ресурстардың шығуын мүмкін деп бағалады және сот шешімімен берілген сома көлемінен 100% резерв бөлу шешімін қабылдады.

## 10 Қаржылай кірістер және шығындар

мың теңге	2019 ж.	2018 ж.
<i><b>Қаржылай кірістер</b></i>		
Пайыздық кірістер	214,307	188,401
Басқа қаржылық кірістер	354,173	980,677
<b>Қаржылай кірістер жиыны</b>	<b>568,480</b>	<b>1,169,078</b>
 <i><b>Қаржылық шығындар</b></i>		
Пайыздық шығындар	(8,264,362)	(5,700,434)
Қарыздар бойынша шығынды өтеу* (5-ескертпесі)	8,264,362	6,299,057
Өзге қаржылық шығындар	(474,178)	(200,403)
<b>Қаржылай шығындар жиыны</b>	<b>(474,178)</b>	<b>398,220</b>
<b>Қаржылай кірістер/(шығындар) жиыны</b>	<b>94,302</b>	<b>1,567,298</b>

\* 2017 жылы Компания 233 Бағдарламасы бойынша инвестициялық жобаларын қаржыландыру мақсатында банк қарыздарын алды (1, 18 Ескертпелері). Сенімгерлік басқару шарттарының талаптарына сәйкес Компания негізгі борыштың өтелуін, пайыздар және қарызға қызмет көрсету шығындарын, төлем жасаған кезде пайда болатын бағамдық айырманы қамтитын сенімгерлік басқару бойынша қажетті шығынның өтелуіне құқылы. Компания шығындағы тиісті бапты азайту арқылы алынатын өтемақыны шығын жұмсалған сәтте есептеу әдісімен таниды.

## 11 Негізгі құралдар

мың теңге	Жер	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар	Жабдық	Көлік құралдары	Компьютерлік шеткері құрылғылары	Кеңсе жиһазы және өзге негізгі құралдар	Жиыны
<b><i>Бастапқы құны</i></b>								
<b>2017 жылдың 31 желтоқсанындағы қалдық</b>	<b>35,646</b>	<b>467,111</b>	<b>1,550,411</b>	<b>135,076</b>	<b>169,744</b>	<b>88,230</b>	<b>50,547</b>	<b>2,496,765</b>
Түсімдер	-	-	4,384	3,831	15,939	33,032	25,138	82,324
Шығуы	-	-	-	(1,137)	(4,582)	(5,373)	(5,492)	(16,584)
<b>2018 жылдың 31 желтоқсанындағы қалдық</b>	<b>35,646</b>	<b>467,111</b>	<b>1,554,795</b>	<b>137,770</b>	<b>181,101</b>	<b>115,889</b>	<b>70,193</b>	<b>2,562,505</b>
Түсімдер	-	-	37,294	6,572	151,718	34,156	7,054	236,794
Шығуы	-	-	-	-	(21,943)	(4,371)	(3,868)	(30,182)
<b>2019 жылдың 31 желтоқсанындағы қалдық</b>	<b>35,646</b>	<b>467,111</b>	<b>1,592,089</b>	<b>144,342</b>	<b>310,876</b>	<b>145,674</b>	<b>73,379</b>	<b>2,769,117</b>
<b><i>Амортизация және құнсызданудан болған залал</i></b>								
<b>2017 жылдың 31 желтоқсанындағы қалдық</b>	-	<b>(93,223)</b>	<b>(493,671)</b>	<b>(38,848)</b>	<b>(103,328)</b>	<b>(47,685)</b>	<b>(25,268)</b>	<b>(802,023)</b>
Түсімдер	-	(18,029)	(147,739)	(24,363)	(20,182)	(17,382)	(10,345)	(238,040)
Шығуы	-	-	-	1,136	4,482	1,211	1,879	8,708
<b>2018 жылдың 31 желтоқсанындағы қалдық</b>	-	<b>(111,252)</b>	<b>(641,410)</b>	<b>(62,075)</b>	<b>(119,028)</b>	<b>(63,856)</b>	<b>(33,734)</b>	<b>(1,031,355)</b>
Түсімдер	-	(18,029)	(168,407)	(24,546)	(32,493)	(20,016)	(10,534)	(274,025)
Шығуы	-	-	-	-	17,437	(269)	1,285	18,453
<b>2019 жылдың 31 желтоқсанындағы қалдық</b>	-	<b>(129,281)</b>	<b>(809,817)</b>	<b>(86,621)</b>	<b>(134,084)</b>	<b>(84,141)</b>	<b>(42,983)</b>	<b>(1,286,927)</b>
<b><i>Баланстық құны</i></b>								
<b>2018 жылдың 1 қаңтарында</b>	<b>35,646</b>	<b>373,888</b>	<b>1,056,740</b>	<b>96,228</b>	<b>66,416</b>	<b>40,545</b>	<b>25,279</b>	<b>1,694,742</b>
<b>2018 жылдың 31 желтоқсанында</b>	<b>35,646</b>	<b>355,859</b>	<b>913,385</b>	<b>75,695</b>	<b>62,073</b>	<b>52,033</b>	<b>36,459</b>	<b>1,531,150</b>
<b>2019 жылдың 31 желтоқсанында</b>	<b>35,646</b>	<b>337,830</b>	<b>782,272</b>	<b>57,721</b>	<b>176,792</b>	<b>61,533</b>	<b>30,396</b>	<b>1,482,190</b>

2019 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша толығымен амортизацияланған негізгі құралдардың бастапқы құны 207,055 мың теңгені құрады (2018 ж.: 109,730 мың теңге).

2019 және 2018 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның кепілдікте негізгі құралдары болған жоқ. 207,860 мың теңге мөлшеріндегі амортизациялық аударымдары (2018 ж.: 208,170 мың теңге) өзіндік құны құрамында, 66,165 мың теңге мөлшерінде (2018 ж.: 29,870 мың теңге) – әкімшілік шығындар құрамында көрсетілді.

## 12 Берілген аванстар

2019 және 2018 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша берілген аванстар мына түрде ұсынылды:

	<b>2019 ж.</b>	<b>2018 ж.</b>
<b>мың теңге</b>	<b>31 желтоқсаны</b>	<b>31 желтоқсаны</b>
003 және 091 бағдарламалары бойынша берілген ұзақ мерзімді аванстар	98,791,771	172,343,013
233 бағдарламасы бойынша берілген ұзақ мерзімді аванстар	95,817,129	131,088,322
<b>Берілген ұзақ мерзімді аванстар жиыны</b>	<b>194,608,900</b>	<b>303,431,335</b>
233 бағдарламасы бойынша берілген қысқа мерзімді аванстар	146,354,824	30,675,149
003 және 091 бағдарламалары бойынша берілген қысқа мерзімді аванстар	77,732,405	39,410,785
Берілген аванстардың құнсыздануы бойынша резерві шегерілген (9 Ескертпесі)	(3,893,369)	(3,797,089)
<b>Берілген қысқа мерзімді аванстар жиыны</b>	<b>220,193,860</b>	<b>66,288,845</b>
	<b>414,802,760</b>	<b>369,720,180</b>

Берілген аванстар қызметті жеткізушілерге жолдарды қайта құру, көгалдандыру, күтіп ұстау, ағымдағы және күрделі жөндеу үшін төленген сомамен ұсынылған. 2019 және 2018 жж. ішінде Компания орындалу мерзімі бір жылдан астам жұмыстар мен қызметтер үшін жеткізушілерге ұзақ мерзімді аванс берді.

2015-2016 жылдары Компания «Дена Рахсаз Констракшн» ЖТАҚ Өкілдігі» компаниясының мердігеріне жалпыға ортақ пайдаланылатын автожолдарды қайта құру жұмыстары үшін 3,395,769 мың теңге мөлшерінде аванс берді. Мердігер қызметтерді шарттағы мерзімде көрсеткен жоқ. Компания мердігермен жасалған шарттарды бұзу және берілген авансты қайтару талабымен сотқа жүгінді. 2018 жыл ішінде Компания басшылығы осы аванс шамасынан құнсыздану бойынша резервін 100%-ға қосымша есептеу туралы шешім қабылдады.

## 13 Өзге ұзақ мерзімді активтер

	<b>2019 ж.</b>	<b>2018 ж.</b>
<b>мың теңге</b>	<b>31 желтоқсаны</b>	<b>31 желтоқсаны</b>
Қаржыландыру бойынша шығындары	6,049,855	3,954,610
ДСФК қамтамасыз етілген борыштық міндеттемелері (9-ескертпесі)	271,339	305,340
Өзге ұзақ мерзімді активтер	22,848	31,890
<b>Жиыны</b>	<b>6,344,042</b>	<b>4,291,840</b>

Қаржыландыру бойынша шығындар ҚР ИИДМ АЖК комиссияны төлеуді қаржыландыру бойынша жұмсалған шығындарымен ұсынылған және ол 233 Бағдарламасы бойынша инвестициялық жобаларды қаржыландыру мақсатында алынған қарыздар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеменің бір бөлігі болып табылады, оның өтелуі ҚР ҚМ ММЖК-мен жасалған сенімгерлік басқару шарттарымен қарастырылған (10 және 18 - ескертпе).

2017 жылдың 29 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның «Bank RBK» АҚ есептік шотында 2,300,853 мың теңге сомада қалдықтары болды. 2017 жылдың желтоқсанында аталған шот бойынша талаптар Қазақстан Республикасы Үкіметі, «Самұрқ-Қазына» ҰМБ» АҚ, «НҰҚ «Бәйтерек» АҚ, «Холдинг «Казагро» АҚ, «Bank RBK» АҚ және «Қазақмыс» ЖШС арасында бекітілген 2017 жылдың 7 қарашасындағы Негіздемелік талаптарына сәйкес қайта құрылымдалды. Аталған қайта құрылымдау шеңберінде Компанияның «Bank RBK» АҚ талаптары «ДСФК» Арнаулы қаржы компаниясы» ЖШС қамтамасыз етілген үлестік міндеттемелерге (CDO – collateralized debt obligations)

алмастырылды, олар «Bank RBK» АҚ проблемалық активтерге берілді. Осы берілген проблемалық активтер портфелі «ДСФК» Арнаулы қаржы компаниясы» ЖШС шығарылған үлестік міндеттемелерды қамтамасыз ету ретінде шығады.

2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания балансындағы осы міндеттемелердің әділ құны 271,339 мың теңгені (2018 г.: 305,340 мың теңге) құрады (13 Ескертпесі). Ол осы құнды қағаздарды ұстаушылар берген облигациялар бойынша берешектің 28%-ын жабатын «Қазақмыс» ЖШС кепілдігінің әділ құнын білдіреді.

Аталған қайта құрылымдау нәтижесі бойынша Компания пайда немесе залал құрамында 1,240,831 мың теңге көлемінде құнсыздануды және ДСФК облигациясы бойынша бастапқы тану кезінде дисконтты танудан капатилға тікелей 734,762 мың теңге көлемінде залалды таныды. Залалдың бөлігі меншікті капитал құрамында танылды, сондықтан қайта құрылымдауды Бас Компания анықтады.

## 14 Қолданылуы шектелген ақша қаражаттары

мың теңге	2019 ж.	2018 ж.
ҚР ИИДМ АЖК-нан алынған қолданылуы шектелген ақша қаражаттары	653,155	478,057
<b>Қолданылуы шектелген қысқа мерзімді ақша қаражаттары</b>	<b>653,155</b>	<b>478,057</b>

2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ҚР ИИДМ АЖК-нан алынған қолданылуы шектелген ақша қаражаттары 003 бағдарламасы және 091 бағдарламасы бойынша мемлекеттік тапсырманы орындау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру жөнінде қызмет көрсету аясында алынған ақша қаражаты болып табылады және ол құрылыс бойынша жұмыстарды қаржыландыру мақсатында мердігер ұйымдарының есеп шоттарына аударылуға тиіс.

## 15 Дебиторлық және өзге берешек

мың теңге	2019 ж.	2018 ж.
Дебиторлық берешек	11,470,846	6,772,305
Өзге дебиторлық берешек	512,290	116,507
<b>Дебиторлық және қарыздар мен дебиторлық берешек санатына кірген өзге берешек</b>	<b>11,983,136</b>	<b>6,888,812</b>
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	108,804,059	14,462,371
<b>Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек жиыны</b>	<b>120,787,195</b>	<b>21,351,183</b>

2019 және 2018 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша дебиторлық берешек теңгемен көрсетілген және ол республикалық маңызы бар инвестициялық жобаларын дамыту мен жөндеу жұмыстарын және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп-ұстау жұмыстарын ұйымдастыру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету шарттарын орындау үшін, соның ішінде 11,470,846 мың теңге (2018 ж. 31 желтоқсаны: 6,772,305 мың теңге) мөлшерінде орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін 5% ұстап қалу бойынша берешек үшін ҚР ИИДМ АЖК-нің дебиторлық берешегінен тұрады.

Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек, ең әуелі 233 мемлекеттік бағдарламасы аясында орындалған, бірақ автомобиль жолдарын салу мен жөндеу бойынша есеп берілетін күні ол үшін шот әлі берілмеген жұмысты ұйымдастыру үшін өтемақы алу бойынша Компания құқықтарына жатады. АЖК қол қойған құрылыс шарттары талаптарына сәйкес Компанияда қаржы институттарынан алынған банк қарыздары бойынша негізгі қарызды төлеу жөнінде міндеттемелер пайда болған мерзімде төлеуге шот беру құқығы пайда болады, «Мерзімінен бұрын банк қарыздары» ескертпесін қараңыз. Банк қарыздары шарттарының талаптарына сәйкес Компания шартқа қол қойылған мерзімнен бастап 5 жыл бойы жеңілдік кезеңіне ие. Соған байланысты Компания 2022-2036 жылдары мерзімінен бұрын берешекті өтеу болжалады.

## 16 Ақша қаражаттары және олардың баламалары

мың теңге	2019 ж.	2018 ж.
Банк шоттарындағы қалдықтар теңгемен	3,306,638	15,023,240
Банк шоттарындағы қалдықтар АҚШ долларында	-	337,591
Кассадағы ақша қаражаттары	-	319
<b>Ақша қаражатының қозғалысы туралы есебінде ақша қаражаттары және олардың баламалары</b>	<b>3,306,638</b>	<b>15,361,150</b>

Банк шоттарындағы қалдықтар – бұл ағымдағы шоттар және өтеу мерзімі иемденген күннен бастап үш айға дейін құрайтын мерзімнен бұрын талап ету құқығы бар талап етілмелі депозиттері болып табылады. Компанияның кредиттік, валюталық және пайыз тәуекелдеріне ұшырағыштығы туралы ақпарат және қаржылық активтерге қатысты сезімталдығын талдау 26-ескертепде ашып көрсетілген.

## 17 Меншікті капитал және резервтер

«ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 ж. 1 ақпандағы Қаулысымен құрылды. 2013 ж. Компанияның Жарғылық капиталын Жалғыз акционер 1,065,421 мың теңге мөлшерінде активтер мен міндеттемелер түрінде мүлік есебінен, сондай-ақ 361,563 мың теңге мөлшерінде ақша қаражатын төледі. Компанияның жарияланған, Жалғыз акционер төлейтін акция саны номиналдық құны 1,000 теңге мөлшеріндегі 2,065,421 дана қарапайым акцияны құрады.

2014 ж. Компания 329,429 дана мөлшерінде акцияның қосымша эмиссиясын тіркеді. Акцияны Жалғыз акционер 179,738 мың теңге сомасына ақшамен, 1,391 мың теңге материалдық емес активтермен, 602,467 мың теңге сомасына негізгі құралдармен төледі.

2015 ж. Жалғыз акционер акцияларды 132,199 мың теңге сомасына негізгі құралдармен төледі.

2019 және 2018 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның жарияланған акцияларының саны номиналдық құны 1,000 теңге мөлшеріндегі 2,394,850 дана қарапайым акцияны және номиналдық құны 815 теңге 1 акцияны құрады. 2019 және 2018 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның жарияланған, Жалғыз акционер төлеген акцияларының саны номиналдық құны 1,000 теңге мөлшеріндегі 2,342,779 дана қарапайым акцияны құрады.

### Дивидендтер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компанияның бөлу үшін қолжетімді резервтер шамасы ҚЕХС-ға сәйкес даярланған Компанияның қаржылық есептілігі негізінде анықталады. 2019 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның есеп беру кезеңінде 34,295,957 мың теңге (2018 ж.: 39,846,757 мың теңге) мөлшеріндегі залалды қоса алғанда жинақталған залалы болды. 2019 жылы Компания дивиденд есептеген және төлеген жоқ (2018 ж.: 2017 жылғы пайдадан 16,471 мың теңге сомасына немесе бір акцияға шаққанда 7 теңгеге дивиденд).

### Капиталды басқару

Директорлар кеңесі инвесторлардың, кредиторлардың және нарықтың сенімін сақтап қалу үшін, сонымен қатар бизнестің болашақ дамуын қамтамасыз ету үшін капитал базасының тұрақтылығын қолдауға бағытталған саясатты ұстанады. Директорлар кеңесі капиталдың табыстылығы көрсеткішін бақылайды; бұл көрсеткішті Компания операциялық қызметтен болған нәтиженің капиталдың жалпы шамасына қатынасы ретінде анықтайды. Сонымен қатар директорлар кеңесі қарапайым акция ұстаушыларына тиесілі дивиденд деңгейін қадағалайды.

Компанияның капиталды басқару бойынша ресми саясаты жоқ, алайда басшылық Компанияның операциялық және стратегиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, сондай-ақ нарыққа қатысушылардың сенімін қолдау үшін капиталды жеткілікті деңгейде ұстап тұрудың шараларын жасайды.

Бұл мақсатқа ақшалай қаражаттарын пәрменді басқару, Компания табысы мен кірісін ұдайы бақылау, сонымен қатар ұзақ мерзімді инвестициялауды жоспарлау арқылы қол жеткізіледі. Еуропалық қайта құру және даму банкінен (ЕҚДБ) алынған қарыз шарттарының талаптарына сәйкес, Компания оң капиталға байланысты қаржылық коэффициентті ұстануға тиіс. 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, сондай-ақ 2018 жыл ішінде осы коэффициент бұзылды, 2(б) және 18-ескертпе.

## 18 Ұзақ мерзімді банк қарыздары

мың теңге	2019 ж.	2018 ж.
<i>233 бағдарламасын қаржыландыру мақсатында алынған қарыздар</i>		
Қытайдың ЭксИмБанкі	448,547,199	318,863,177
ЕҚДБ (доллар)	13,265,683	10,076,651
ЕҚДБ (теңге)	9,946,559	-
	<b>471,759,441</b>	<b>328,939,828</b>
Есептелген пайыздар бойынша ағымдағы берешек	2,725,549	2,036,397
	<b>474,484,990</b>	<b>330,976,225</b>

2019 жылы Компания мен Еуропалық Қайта құру және даму банкі (бұдан әрі – «ЕҚДБ») арасында 138,269,964 мың теңге сомасына несие келісіміне қол қойылып, соған сәйкес «Күрті-Қапшағай», «Атырау-Астрахань», Атырау қаласы солтүстік айналма автомобиль жолдарын қайта құру бойынша жобалар қаржыландырылатын болады.

2018 жылы Компания мен Қытайдың ЭксИм Банкі арасында жалпы сомасы 2,394,789 мың АҚШ долларына кредит келісіміне қол қойылды, осы келісімге сәйкес «Қалбатау-Майқапшағай», «Талдықорған-Қалбатау-Өскемен», «Меркі-Бұрылбайтал», «Астана қ. айналып өту» және «Қарағанды-Балқаш» автомобиль жолдарының телімдерін қайта құру жобалары қаржыландырылатын болады.

2016 жылдың 18 ақпанында Компания мен ЕҚДБ арасында 103,000 мың АҚШ доллары сомасына кредит келісіміне қол қойылды, осы келісімге сәйкес 2214-2295 км «Күрті – Бұрылбайтал» автомобиль жолының телімін қайта құру жобасы қаржыландырылады. 2016 жылдың 26 қазанында Компания мен Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінің (бұдан әрі – «ЕҚДБ») арасында 86,000 мың АҚШ доллары сомасына кредит келісіміне қол қойылды, осы келісімге сәйкес 2152-2214 км «Күрті – Бұрылбайтал» автомобиль жолының телімін қайта құру жобасы қаржыландырылады.

Осы қарыз шарттары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілгер болып шығады (27-ескертпе).

2019 жыл ішінде Компания жоғарыда көрсетілген несие желілері бойынша 575,043 мың АҚШ долларын алып, 23,579 мың АҚШ доллары және 90,696 мың теңге (2018: сәйкесінше 210,610 мың АҚШ доллары және 19,493 мың АҚШ доллары) мөлшерінде сыйақылар бойынша берешегін өтеді.

2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, сондай-ақ 2019 жыл ішінде Компания оң капиталмен байланысты қаржылық коэффициентін ұстануға тиіс. Компания 2019 жылдың екінші жарты жылдығында және 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұзулар нәтижесінде қарыздарды мерзімнен бұрын өтеуді талап ету құқығынан қарыз берушінің бас тартатыны туралы хат алды.

<b>2019 жылдың 31 желтоқсаны</b>					
<b>мың теңге</b>	<b>Валютасы</b>	<b>Пайыздың номиналдық мөлшерлемесі</b>	<b>Өтелетін жыл</b>	<b>Номиналдық құны</b>	<b>Баланстық құны</b>
Қытайдың ЭксИмБанкі	АҚШ долл.	2%	2037 ж.	450,005,667	448,547,199
ЕҚДБ	АҚШ долл.	ЛИБОР 6-ай+1%	2034 ж.	13,525,912	13,265,683
ЕҚДБ	Тенге	ЛИБОР 6-ай+1%	2036 ж.	10,058,743	9,946,559
Төленетін пайыздар				2,725,549	2,725,549
<b>Пайыздық міндеттемелер жиыны</b>				<b>476,315,871</b>	<b>474,484,990</b>

<b>2018 жылдың 31 желтоқсаны</b>					
<b>мың теңге</b>	<b>Валютасы</b>	<b>Пайыздың номиналдық мөлшерлемесі</b>	<b>Өтелетін жыл</b>	<b>Номиналдық құны</b>	<b>Баланстық құны</b>
Қытайдың ЭксИмБанкі	АҚШ долл.	2%	2037 ж.	319,824,443	318,863,177
ЕҚДБ	АҚШ долл.	ЛИБОР 6-ай+1%	2034 ж.	10,266,419	10,076,651
Төленетін пайыздар				2,036,397	2,036,397
<b>Пайыздық міндеттемелер жиыны</b>				<b>332,127,259</b>	<b>330,976,225</b>

**Қаржы қызметтерінен міндеттемелер мен ақша ағындары өзгерістерін салыстыру**

	<b>2019 ж.</b>	<b>2018 ж.</b>
	<b>Банк қарызы</b>	<b>Банк қарызы</b>
<b>Жыл басындағы қалдық</b>	<b>330,976,225</b>	<b>215,874,034</b>
Қарыз құралдарын тарту	146,193,497	70,351,796
<b>Қарыз қызметтерінен ақша ағындарымен байланысты өзгертулер</b>	<b>477,169,722</b>	<b>286,225,830</b>
Шетел валюталарының айырбастау курстарының өзгеруінің әсері	(3,038,285)	45,557,841
Комиссиялар бойынша дисконт есептеу (10-ескертпе)	(870,889)	(409,226)
Комиссиялар бойынша дисконт амортизация (10-ескертпе)	474,178	200,403
Пайыздық шығын	8,264,362	5,700,434
Өтелген пайыздар	(7,514,098)	(6,299,057)
<b>Жыл соңындағы қалдық</b>	<b>474,484,990</b>	<b>330,976,225</b>

## 19 Кредиторлық және өзге берешек

мың теңге	Ескерту	2019 ж.	2018 ж.
Көрсетілген қызметтер үшін		8,540,045	2,066,913
Сенімгерлік басқару шарты бойынша берешек	20	240,552	127
Тауарлы-материалдық қорлары үшін		1,217	747
Өзге ұзақ мерзімді активтер үшін		-	2,929
		<b>8,781,814</b>	<b>2,070,716</b>

2019 және 2018 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кредиторлық берешек теңгемен көрсетілді.

## 20 Сенімгерлік басқару шарты бойынша берешек

Сенімгерлік басқару Шартының аясында Компанияның осы қаржылық есептілігінде таза негізінде көрсетілген баланстары мен операциялары келесідей болды (3(к) Ескертпесі):

мың теңге	31 декабря 2019 года	31 декабря 2018 года
Жыл басындағы берешек	127	(57)
Түсім және өзге кіріс	4,889,437	1,415,445
Өзіндік құны	(3,159,864)	(1,057,374)
Әкімшілік шығындар	(932,907)	(328,445)
Өзге	(556,241)	(29,442)
<b>Компанияның Комитетке/(Комитеттен) кредиторлық/(дебиторлық) берешегі</b>	<b>240,552</b>	<b>127</b>

## 21 Принципалдан алынған аванстар

2019 және 2018 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жалпы сомасы 86,980,427 мың теңгеге алынған ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді аванстар (2018 ж.: 111,518,447 мың теңге) көбінесе, «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» РММ-нен республикалық маңызы бар инвестициялық жобаларын дамытуды ұйымдастыру мен жөндеу жұмыстары және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп-ұстау жұмыстары бойынша мемлекеттік қызмет көрсету шарттарын мемлекеттік тапсырманы орындау нысанында атқару үшін аванстарымен ұсынылған.



## 22 Өзге ұзақ мерзімді және ағымдағы міндеттемелер

мың теңге	2019 ж.	2018 ж.
<b>Ұзақ мерзімді кепілді міндеттемелер</b>		
Шарттардың орындалуын қамтамасыз ету бойынша ұзақ мерзімді кепілдемелер	1,511,622	1,167,474
5% ұстап қалу бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер	953,367	217,583
	<b>2,464,989</b>	<b>1,385,057</b>
<b>Өзге ағымдағы міндеттемелер</b>		
5% ұстап қалу бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер	4,483,994	4,212,545
Қарыздар бойынша резервке қою үшін есептелген комиссиялар	537,113	381,273
Шарттардың орындалуын қамтамасыз ету бойынша қысқа мерзімді кепілдемелер	378,956	283,769
Өзге міндеттемелер	252,099	229,536
<b>Өзге ағымдағы міндеттемелер жиыны</b>	<b>5,652,162</b>	<b>5,107,123</b>

Өзге ұзақ мерзімді және ағымдағы міндеттемелер негізінен қызметті жеткізушілер алдындағы міндеттемелерді ұсынады. Компания қызметті жеткізушілерден шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін немесе банк кепілдемесі түрінде кепілдемелі кезеңдегі ақауларды жою жұмыстарының қамтамасыз етілуі ұсынылғанға дейін, сондай-ақ жеткізушілерден қызмет көрсету бойынша міндеттемелердің орындалуына шарттарға сәйкес алынған шарттардың орындалуын қамтамасыз ету кепілдемелері ұсынылғанға дейін шарт бойынша орындалған көлем сомасынан 5% ұстап қалады. Осы кепілдемелер жеткізушілердің шарт бойынша міндеттемелерін орындағаннан кейін, оның ішінде кепілдемелі кезең аяқталғанда қайтарылуға тиіс.

2019 жылдың 31 желтоқсанындағы және 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді кепілдіктің баланстық құны 12,29% мөлшерінде нарықтық мөлшерлемені қолдана отырып дисконтталған ақша қаражатының болашақ ағымының келтірілген құны болып табылады (2018: 12.50%)

## 23 Болашақ кезеңдегі кірістер

Болашақ кезеңдегі кірістер төленген комиссияларды және 233 Бағдарламасы бойынша инвестициялық жобаларын қаржыландыру мақсатында алынған қарыздар бойынша пайыз шығындарын өтеу ретінде ҚР ИИДМ АЖК-нан алынған сомамен ұсынылған. Болашақ кезеңдегі кірістер қарыздар бойынша шығындарды тиімді пайыз мөлшерлемесі бойынша таныған кезеңдегі пайдаға жатқызылады.

## 24 Болашақ кезеңдегі шығындар бойынша кейінге қалдырылған өтемақы және кейінге қалдырылған өтеулер бойынша міндеттемелер

2019 жылдың 31 желтоқсанындағы және 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша болашақ кезеңдегі шығындар бойынша кейінге қалдырылған өтемақы сенімгерлік басқару шарттарының талаптарына сәйкес және №233 бағдарламасы аясында автомобиль жолдарын қайта құру бойынша мемлекеттік тапсырманың орындалуын ұйымдастыру бойынша «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» РММ-нің банк қарыздары бойынша ағымдағы және болашақ пайыз шығындарын өтеуімен ұсынылған, 18 Ескертпесі. Осы шарттар аясында Компания негізгі борышты өтеуді, пайыз және қарызға қызмет көрсету шығындарын, есеп-айырысқан кезде туындайтын бағамдық айырманы қамтитын қажетті шығынның өтелуіне құқылы.

Банк қарыздары бойынша болашақ пайыз шығындарын өтеуден алынған экономикалық пайда пайыз шығындарын өтеудің болашақ ағымдары мен банк қарыздары шарттарының аясында қолданыстағы нарық мөлшерлемелері бойынша есептелген бастапқы таныған кезде олардың әділ құны арасындағы айырма мөлшерінде есепке алынады, 18-ескертпе.

мың теңге	31 декабря 2019 года		31 декабря 2018 года		
	Валюта ы	Номиналдық құны	Баланстық құны	Номиналдық құны	Баланстық құны
Болашақ кезеңдегі шығындар бойынша кейінге қалдырылған өтемақы	АҚШ долл.	116,181,575	87,894,174	72,125,841	63,520,981
<i>Ұзақ мерзімді бөлігі</i>		-	77,643,588	-	58,420,524
<i>Қысқа мерзімді бөлігі</i>		-	10,250,586	-	5,100,457
Кейінге қалдырылған өтемақылар бойынша міндеттеме	АҚШ долл.	(116,181,575)	(79,263,011)	(72,125,841)	(54,896,989)
<i>Ұзақ мерзімді бөлігі</i>		-	(69,012,425)	-	(49,796,532)
<i>Қысқа мерзімді бөлігі</i>		-	(10,250,586)	-	(5,100,457)

2019 жылдың 31 желтоқсанында және 2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша болашақ кезеңдегі шығындардың кейінге қалдырылған өтемақысының қозғалысы келесі түрде көрсетілген:

мың теңге	2019 ж.	2018 ж.
<b>1 қаңтарда</b>	<b>63,520,981</b>	<b>44,138,420</b>
Бір жылда есептелгені	31,555,099	15,276,412
Берешекті өтеу	(8,264,362)	(5,623,015)
Қаржылай кірістерімен ұсынылған түзетулердің әділ құнына дейін амортизациялануы	1,544,159	1,105,172
Бағамдық айырма бойынша шығындағы өзгерістер	(461,703)	8,623,992
<b>31 желтоқсанда</b>	<b>87,894,174</b>	<b>63,520,981</b>

2019 жылдың 31 желтоқсанында және 2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша кейінге қалдырылған өтемақылар бойынша міндеттемелердегі қозғалыс келесі түрде көрсетілген:

мың теңге	2019 ж.	2018 ж.
<b>1 қаңтарда</b>	<b>54,896,989</b>	<b>44,138,420</b>
Бір жылда есептелгені	31,555,099	15,276,412
Есептен шығару	(6,720,203)	(4,517,843)
Өзге өзгерістер	(468,874)	-
<b>31 желтоқсанында</b>	<b>79,263,011</b>	<b>54,896,989</b>

2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша болашақ кезеңдегі шығындар бойынша кейінге қалдырылған өтемақының баланстық құны және кейінге қалдырылған өтеулер бойынша міндеттемелер Компания алған банк қарыздары бойынша пайыз мөлшерлемесін ұсынатын пайда болған күні 2%-6.37% (2018 ж.: 2%-3.8%) мөлшерлемесін қолдана отырып дисконтталған ақша қаражатының болашақ ағымының келтірілген құны болып табылады, 18 Ескертпесі. Басшылықтың бағалауына сәйкес, қолданылатын мөлшерлеме тапсырыс берушіге тән кредиттік тәуекелдің бағалауын көрсетеді.

## **25 Шартты активтер және міндеттемелер**

### **(а) Сақтандыру**

Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметінің нарығы қалыптасу кезеңінде және әлемнің басқа елдерінде кең таратылған көптеген сақтандыру түрлері Қазақстанда әзірге қолжетімді емес. Компания ғимараттар мен жабдықты, қызметінің уақытша тоқтатылуын немесе Компанияның мүлігін пайдалану нәтижесінде келтірілген мүліктік немесе экологиялық зиян бөлігінде үшінші тұлғалардың жауапкершілігіне қатысты немесе Компания қызметіне қатысты өзге жағдайда толық сақтандыру жүргізген жоқ. Компания өз қызметін тиісті деңгейде сақтандырмайынша, жұмсалған шығындар немесе белгілі бір активтерден айырылып қалу Компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай жағымсыз әсер етуі мүмкін деген тәуекел болады.

### **(б) Сот талқылаулары**

Басшылықтың пікірінше, қазіргі уақытта Компанияның аяқталмаған қандай да бір сот үрдістері немесе нәтижелері Компанияның операциялық қызметіне немесе қаржылық жағдайына елеулі түрде әсер ете алатын және Компанияның қаржылық есептілігінде ашып көрсетілуге тиіс өзге шағымдары жоқ.

### **(в) Шартты салық міндеттемелері**

Қазақстанның салық жүйесі салыстырмалы түрде жаңа бола тұра, заңнамалық нормалардың, ресми түсіндірмелердің және сот шешімдерінің жиі өзгеруімен, дұрыс мазмұндалмауы немесе қарама-қайшы болуымен сипатталады, бұл әр түрлі салық органдарының жоғарыда аталғандарды, соның ішінде ҚЕХС-ға сәйкес кірістерді, шығындар мен қаржылық есептіліктің басқа баптарын есепке алу тәртібіне қатысты пікірді түрліше түсіндіруіне жол береді.

Салықтарды есептеу дұрыстығына қатысты тексерістер мен зерттеулермен ірі айыппұл салуға және төлем пайызды алуға құқығы бар әртүрлі деңгейдегі реттеу органы айналысады. Есеп беру кезеңде салықтардың дұрыс есептелуін соңғы бес күнтізбелік жыл ішінде тексеруге болады, бірақ белгілі бір жағдайларда бұл уақыт ұзартылуы мүмкін.

Аталған мән-жайлар Қазақстандағы салық тәуекелдерінің басқа мемлекеттердегіден біршама жоғары болуына әкеп соғады. Компания Басшылығы, қолданыстағы салық заңнамасын, нормативтік талаптарды және сот шешімдерін өзінің ұғынуы тұрғысынан бастама ала отырып, салық міндеттемелері толық мөлшерде көрсетілген деп есептейді. Алайда, түрлі реттеуші органдарының салық заңнамасын түсіндіруі Компания басшылығының пікірінен өзгеше болуы мүмкіндігін ескере отырып, реттеуші органдардың тарапынан Компанияға қатысты мәжбүрлі түрде әрекет етуді қолданған жағдайда, олардың Компанияның осы қаржылық есептілігіне деген әсері елеулі болуы ықтимал.

## **26 Әділ құны және тәуекелдерді басқару**

### **(а) Есептіліктегі жіктелу және әділ құны**

#### **Әділ құнын бағалау**

Компания басшылығының пікірінше, Компанияның қаржылық активтері мен міндеттемелерінің әділ құны Қытайдың ЭксИм Банкінен алынған банк қарыздарын қоспағанда, 2019 жылдың 31 желтоқсаны мен 2018 жылдың 31 желтоқсанында оның баланстық құнына тең.

Төмендегі кестеде Қытайдың ЭксИм Банкінен алынған банк қарыздарының баланстық және әділ құны көрсетілген, олар қаржылық есептілігіндегі ақпаратты ашып көрсету мақсатында әділ құны иерархиясының 2-деңгейіне жатқызылған.

мың теңге.	Ескерту	Баланстық құны		Әділ құны	
		2019 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2018 ж.
<b>Әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржылық активтері</b>					
Қытайдың ЭксИм Банкінің қарыздары	18	448,547,199	318,863,177	310,487,059	267,897,832

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қытайдың ЭксИм Банкінен алынған банк қарыздарының әділ құны нарықтық сыйақы мөлшерлемелері бойынша дисконтталған ақша қаражатының болашақ ағымының келтірілген құнын ұсынады:

	2019 ж.	2018 ж.
АҚШ долларында	3.52%	4.00%

Әділ құнын бағалау активті сатқанда немесе міндеттемелерді бағалау күні нарыққа қатысушылар арасында ұйымдастырылған нарығында жүргізілетін операция шартында берген кезде төленген бағаны анықтауға бағытталған.

Осыған қарамастан, тұрлаусыздық факторын, сондай-ақ қолданылатын пайымдаулардың субъективтілігін назарға ала отырып әділ құны активтердің бірден өткізілетін құны, ал міндеттемелер – ретке келтірілетін түрде қарастырылмауға тиіс.

Белсенді нарықтарда бағасы белгіленген қаржылай активтер мен міндеттемелердің әділ құны нарықтық баға белгіленуге немесе дилердің бағаны белгілеуіне негізделген.

Барлық өзге қаржы құралдары үшін Компания бағалау әдістерін пайдалана отырып әділ құнын анықтайды.

Бағалау әдістерінің мақсаты - бағалау күні активті сату немесе нарыққа қатысушылар арасында міндеттемені беру бойынша ұйымдастырылған нарығында жүзеге асырылатын операцияның жүргізуі мүмкін бағаны көрсететін әділ құнын бағалау әдісіне қолжеткізу болып табылады.

**(б) Әділ құнын бағалау иерархиясы**

2019 жылдың 31 желтоқсанындағы және 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылай активтер мен міндеттемелер әділ құны иерархиясының 2-деңгейіне жатқызылды, осыған әділ құны иерархиясының 3-деңгейіне жатқызылған сату үшін қолда бар қаржылай активтері кірмейді. Сату үшін қолда бар қаржылай активтері ДСКФ борыштық міндеттемелермен ұсынылған.

Келесі кестеде 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы және 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы құралдарының талдауы әділ құны иерархиясының деңгейлері бөлінісінде көрсетілген. Сомалар қаржылық жағдай туралы есебінде көрсетілген сомаларға негізделеді:

мың теңге	Ескерту	3-деңгей	
		2019 ж.	2018 ж.
ДСКФ қамтамасыз етілген міндеттемелері	13	271,339	305,340

2019 жылдың 31 желтоқсанында және 2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша әділ құны иерархиясының 3-деңгейіне жатқызылатын әділ құнын бағалаудағы өзгерістерді мына түрде көрсетуге болады:

<b>мың теңге</b>	<b>2019 ж.</b>	<b>2018 ж.</b>
1 қаңтардағы қалдық	305,340	<b>325,260</b>
Өтелгені	(34,001)	(19,920)
<b>Жыл аяғындағы қалдығы</b>	<b>271,339</b>	<b>305,340</b>

2019 жылдың 31 желтоқсанында және 2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша Компания әділ құнының иерархия деңгейлері арасында аударма жасаған жоқ.

Төмендегі кесте 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы және 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша әділ құны иерархиясының 3-деңгейі санатына кіретін қаржы құралдарын бағалаған кезде жыл аяғында қолданылатын бақыланбайтын елеулі деректер туралы ақпаратты ұсынады:

<b>Құрал түрі</b>	<b>Әділ құны мың теңге</b>	<b>Бағалау әдісі</b>	<b>Бақыланбайтын елеулі деректер</b>
Қамтамасыз етілген борыштық міндеттемелер	271,339	Ақша қаражатының дисконтталған ағымы	Дисконттау мөлшерлемесі және күтілетін ақша ағымы

Қаржы құралдарын пайдалану нәтижесінде Компания келесі тәуекел түріне ұшырайды:

- кредиттік тәуекел (26(б)(ii) ескертпе);
- өтімділік тәуекелі (26(б)(iii) ескертпе);
- нарық тәуекелі (26(б)(iv) ескертпе).

**(i) Тәуекелдерді басқарудың негізгі қағидалары**

Директорлар кеңесі Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру және осы жүйенің қызмет етуін қадағалау үшін жалпы жауапкершілік көтереді.

Тәуекелдерді басқару бойынша Компанияның саясаты Компания ұшырайтын тәуекелдерді айқындау және талдау, тәуекелдің рұқсат етілген шекті мәндерін және тиісті бақылау тетіктерін бекіту мақсатында, сондай-ақ тәуекелдерді мониторингілеу және белгіленген шектеулерді ұстану үшін әзірленді. Тәуекелдерді басқару саясаты мен жүйесі нарық жағдайының және Компания қызметінің өзгеруіне байланысты өзгерістер енгізу қажеттігі тұрғысынан алғанда үнемі талданып тұрады. Компания реттелген және ықпалды бақылау жүйесін жасау мақсатында барлық қызметкер өзінің орны мен міндетін ұғынатын оқыту мен басқару стандарттары мен рәсімдерін бекітеді.

Компанияда құрылған Аудит жөніндегі комитеті Компанияның тәуекелдерді басқару бойынша саясат пен рәсімдердің орындалуын басшылықтың қалай қамтамасыз ететінін бақылайды және Компания ұшырайтын тәуекелдерге қатысты тәуекелдерді басқару жүйесінің сәйкес келуін талдайды. Аудит жөніндегі комитет өзінің қадағалау функцияларын ішкі аудит қызметімен тығыз өзара байланыс жасай отырып жүргізеді. Ішкі аудит қызметі бақылаудың ішкі тетіктеріне және тәуекелдерді басқару рәсімдеріне тұрақты (жоспарлы) және же жоспардан тыс тексеру жүргізіп тұрады, оның нәтижелері туралы Аудит жөніндегі комитетіне есеп береді.

**(ii) Кредиттік тәуекел**

Кредиттік тәуекел – бұл Компанияда сатып алушының немесе контрагенттің қаржылық құралдар бойынша өздерінің шарт бойынша міндеттемелерін атқармауымен, негізінен, Компания сатып алушыларының дебиторлық берешегіне байланысты орын алатын қаржылық залалдың орын алу тәуекелі.

**Кредиттік тәуекелге ұшырағыштық**

Қаржылай активтердің баланстық құны оған қатысты Компания кредит тәуекеліне ұшырайтын максималды көлемін көрсетеді. Есеп берілетін күні кредит тәуекелінің максималды деңгейі келесіні құрады:

мың теңге	Ескерту	2019 ж. 31 желтоқсаны	2018 ж. 31 желтоқсаны
Қолданылуы шектелген ақша қаражаттары	14	653,155	478,057
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	16	3,306,638	15,361,150
Болашақ кезеңдегі шығындар бойынша кейінге қалдырылған өтемақы	24	87,894,174	63,520,981
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	15	110,833,280	14,462,371
Дебиторлық және өзге берешек	15	11,983,136	6,772,305
Қамтамасыз етілген борыштық міндеттемелер	13	271,339	305,340
		<b>214,941,722</b>	<b>100,900,204</b>

**Дебиторлық және өзге берешек**

2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның дебиторлық берешегінің 97% байланысты тараптардың дебиторлық берешегіне келді (2018 жылы: 93%). 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы және 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша мемлекет аясында дебиторлық және өзге берешегіне қатысты кредиттік тәуекелге максималды ұшырағыштық сәйкесінше 210,981,929 мың теңгені және 85,060,997 мың теңгені құрады.

Компанияның дебиторлық және өзге берешегіне қатысты кредиттік тәуекелге ұшырағыштығын талдау төменде көрсетілген:

мың теңге	2019 ж. 31 желтоқсаны	
	Кредиттік- құнсызданған болып табылмайтын	Кредиттік- құнсызданған
Standard&Poors сыртқы кредиттік рейтингісі «BBB-» деңгейінен төмен емес	210,981,929	-
<b>Жалпы баланстық құны жиыны</b>	<b>210,981,929</b>	-
Құнсызданудан болған залал резерві	(2,029,221)	-
	<b>208,952,708</b>	-

мың теңге	2018 ж. 31 желтоқсаны	
	Кредиттік- құнсызданған болып табылмайтын	Кредиттік- құнсызданған
Standard&Poors сыртқы кредиттік рейтингісі «BBB-» деңгейінен төмен емес	85,060,997	-
<b>Жалпы баланстық құны жиыны</b>	<b>85,060,997</b>	-
Құнсызданудан болған залал резерві	-	-
	<b>85,060,997</b>	-

9 ҚЕХС (IFRS) сәйкес 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша дебиторлық берешектің құнсыздануын бағалау мақсатында және оның төлену кезеңін ескере отырып, басшылық құнсызданудан болған залалды бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредит залалдарына тең сомада бағалау туралы шешім қабылдады.

Түпкілікті жалғыз сатып алушы «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» РММ атынан ҚР ИИДМ (тапсырыс беруші) дефолт ықтималдығы 2,3%-ға тең деп алынды, өйткені компания Standard&Poors сыртқы кредиттік рейтингісі «BBB-» деңгейіндегі мемлекеттік ұйым болып табылады, ал дефолт (LGD) жағдайында залал шамасы 58,25% құрады.

2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның тапсырыс берушіден мерзімі өткен дебиторлық берешегі болған жоқ, 9 ҚЕХС (IFRS) сәйкес дебиторлық берешегіне қатысты күтілетін кредиттік залалдың есептік сомасы 2,029,221 мың теңгені құрады. (2018 жылдың 31 желтоқсанында: тапсырыс берушінің сыртқы кредиттік рейтингісінің жоғары болуына байланысты, 9 ҚЕХС (IFRS) сәйкес дебиторлық берешегіне қатысты күтілетін кредиттік залалдың есептік сомасы елеулі болып табылмайды)

### **Ақша қаражаттары және олардың баламалары**

2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның жалпы сомасы 3,959,793 мың теңгеге ақша қаражаттары және олардың баламалары болды (2018 жылдың 31 желтоқсаны: Компанияның жалпы сомасы 15,838,569 мың теңгеге ақша қаражаттары және олардың баламалары болды), бұл Компанияның осы активтер бойынша кредиттік тәуекелге ұшырағыштығының максималды деңгейін көрсетеді. Ақша қаражаттары және олардың баламалары негізінен Moody’s рейтингілі агенттігінің шәкіліне сәйкес кредиттік рейтингісі «B» ие болып келетін осы банкке салынған.

Ақша қаражаттарының және олардың баламаларының құнсыздануы күтілетін 12 айлық кредит залалдары негізінде бағаланды және ол тәуекелге ұшырайтын жайғасымдардың қысқа мерзімдерін көрсетеді. Компанияның пікірінше, контрагенттердің сыртқы кредиттік рейтингтеріне сүйене отырып өз иелігіндегі ақша қаражаттары және олардың баламаларының кредиттік тәуекелі төмен.

9 ҚЕХС (IFRS) бастапқы қолданған кезде Компания 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша болмашы әсер етуі салдарынан құнсыздану резервін таныған жоқ.

Ақша қаражаттары және олардың баламалары келесі қаржы институттарында жайғастырылған:

	Standard&Poors деректері бойынша кредиттік рейтингісі	Баланстық құны	
		2019 ж. 31 желтоқсаны	2018 ж. 31 желтоқсаны
мың теңге			
«ForteBank» АҚ	B+	1,742,390	13,030,135
«Нұрбанк» АҚ	B-	1,562,983	2,302,778
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті мемлекеттік мекемесі	BBB-	653,155	478,057
«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ	BB	-	26,613
«Bank RBK» АҚ	B-	1,265	986
		<b>3,959,793</b>	<b>15,838,569</b>

**(iii) Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі – ол бойынша есеп-айырысулар ақша қаражатын немесе өзге қаржы активтерін беру арқылы жүргізілетін қаржы міндеттемелерін орындау бойынша Компанияда қиындықтардың туындау тәуекелі. Компанияның өтімділікті басқару бойынша тәсілі – қабылданбайтын шығындардың туындауына жол бермей және Компания беделін тәуекелге ұшыратпай, Компанияда өзінің міндеттерін әдеттегі, сондай-ақ шиеленіскен жағдайларда өтеуі үшін жеткілікті өтімді қаражатының үнемі болуын мейлінше қамтамасыз етуде тұжырымдалады.

**Өтімділік тәуекеліне ұшырағыштық**

Төменде есеп берілетін күні қаржылық міндеттемелерін өтеудің шарттағы қалған мерзімдері туралы ақпарат ұсынылған. Пайыз төлемдерінің есептік сомасын қоса алғанда және есепке алу туралы әсерін жоққа шығаратын жалпы және дисконтталмаған сомалары көрсетілген.

2019 ж. 31 желтоқсаны мың теңге	Шарт бойынша ақша ағымы				
	Номиналдық құны	1 айдан аз	1 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан астам	Жиыны
<b>Туынды емес қаржылық міндеттемелер</b>					
Кредиторлық және өзге берешек	(8,781,814)	(8,781,814)	-	-	(8,781,814)
Өзге ағымдағы міндеттемелер	(5,652,162)	-	(5,652,162)	-	(5,652,162)
Банк қарыздары*	(476,315,871)	(23,212,242)	(2,725,549)	(450,378,080)	(476,315,871)
Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер	(2,464,989)	-	-	(2,464,989)	(2,464,989)
<b>Туынды емес қаржылық активтер</b>					
Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	122,816,416	-	11,983,136	110,833,280	122,816,416
Банктердегі ақша қаражаттары және шоттар	3,306,638	3,306,638	-	-	3,306,638
Қолданылуы шектелген ақша қаражаттары	653,155	-	653,155	-	653,155
Өзге ұзақ мерзімді активтер	271,339	-	-	271,339	271,339
Болашақ кезеңдегі шығындар бойынша кейінге қалдырылған өтемақы	87,894,174	-	10,290,146	77,604,028	87,894,174
	<b>(278,273,114)</b>	<b>(5,475,176)</b>	<b>(8,703,076)</b>	<b>(264,094,862)</b>	<b>(278,273,114)</b>

2019 ж. 31 желтоқсаны мың теңге	Шарт бойынша ақша ағымы				
	Номиналдық құны	1 айдан аз	1 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан астам	Жиыны
<b>Туынды емес қаржылық міндеттемелер</b>					
Кредиторлық және өзге берешек	(2,070,716)	(2,070,716)	-	-	(2,070,716)
Өзге ағымдағы міндеттемелер	(5,107,123)	-	(5,107,123)	-	(5,107,123)
Ұзақ мерзімді банк қарыздары*	(332,127,259)	-	(2,036,397)	(330,090,862)	(332,127,259)
Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер	(1,385,057)	-	-	(1,385,057)	(1,385,057)
<b>Туынды емес қаржылық активтер</b>					
Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	21,234,676	-	6,772,305	14,462,371	21,234,676
Банктердегі ақша қаражаттары және шоттар	15,360,831	15,360,831	-	-	15,360,831
Қолданылуы шектелген ақша қаражаттары	478,057	-	478,057	-	478,057
Өзге ұзақ мерзімді активтер	305,340	-	-	305,340	305,340
Болашақ кезеңдегі шығындар бойынша кейінге қалдырылған өтемақы	63,520,981	-	5,100,457	58,420,524	63,520,981
	<b>(239,790,270)</b>	<b>13,290,115</b>	<b>5,207,299</b>	<b>(258,287,684)</b>	<b>(239,790,270)</b>

\* Ұзақ мерзімді банк қарыздары бойынша ақша ағымдарына болашақ пайыз шығындары кірмейді. Сенімгерлік басқару шартына сәйкес есептелген сыйақыны қоса алғанда қарыздар бойынша шығындары ҚР ИИДМ АЖК-нан өтелуге тиіс.



**(iv) Нарық тәуекелі**

Нарық тәуекелі – бұл нарық бағасының, мысалға, шетел валютасын айырбастау бағамының және сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруі Компания пайдасына немесе оның қаржы құралдарының құнына жағымсыз әсер ету тәуекелі. Нарық тәуекелін басқарудағы мақсат – нарық тәуекеліне ұшырағыштықты бақылау және оны рұқсат етілген шектерде ұстап тұру, бұл кезде инвестициялардың табыстылығын оңтайландыруға қолжеткізуден тұжырымдалады.

Нарық тәуекелін басқару мақсатында Компания туынды құралдарын сатып алады және сатады, сондай-ақ қаржылық міндеттемелерді көтереді. Барлық осындай операция Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеті бекіткен нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылады. Кезең ішіндегі пайда немесе залал көрсеткішінің өзгергіштігін реттеу мақсатында Компания хеджерлеу есебін пайдаланбайды.

**(v) Валюталық тәуекел**

Компания сатып алу операцияларын Компанияның функционалдық валютасынан, яғни қазақтан теңгесінен ерекшеленетін валютада жүргізе отырып валюталық тәуекелге ұшырайды. Көрсетілген операциялар көбінесе АҚШ долларында көрсетілген.

Шетел валютасында көрсетілген өзге монетарлық активтер мен міндеттемелерге қатысты Компания саясаты тәуекелге ұшырайтын таза жайғасымды бұл қажет болған кезде, қысқа мерзімді теңгерімсіздікті жою үшін шетел валютасын «спот» бағамы бойынша сатып алу немесе сату арқылы рұқсат етілген шектерде ұстап тұруға бағытталған.

**Валюталық тәуекелге ұшырағыштық**

Компанияның валюталық тәуекелге ұшырағыштығы атаулы шамасына қарай төмендегідей болды:

мың теңге	АҚШ долл.	АҚШ долл.
	көрсетілді	көрсетілді
	2019 ж.	2018 ж.
Банктердегі ақша қаражаттары және шоттар	-	337,591
Ұзақ мерзімді банк қарыздары	(464,938,585)	(332,127,259)
Болашақ кезеңдегі шығындар бойынша кейінге қалдырылған өтемақы	87,894,174	63,520,981
Өзге ағымдағы міндеттемелер	(537,113)	(381,273)
<b>Тәуекелдің таза шамасы *</b>	<b>(377,581,524)</b>	<b>(268,649,960)</b>

Жыл ішінде шетел валюталарының келесі негізгі айырбастау бағамдары қолданылды:

	Орташа айырбастау бағамы		Есеп берілетін күніндегі «спот» айырбастау бағамы	
	2019 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2018 ж.
1 АҚШ доллары	382.75	344.71	381.18	384.20

### **Сезімталдықты талдау**

Төменде көрсетілгендей, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайы бойынша теңгенің қалған валюталарға қатысты нығаюы (әлсіреуі) төменде келтірілген сомаға корпоративтік табыс салығын шегере отырып пайданың немесе залалдың ұлғаюына/(азаяюына) алып келуші еді. Бұл тікелей капиталға әсер еткен жоқ. Осы сараптамалық ақпарат Компания есеп берілетін кезең аяғындағы жағдай бойынша дәйектелген түрде мүмкін деп қарастыратын валюталардың айырбастау бағамдарының ауытқуларына негізделді. Талдау жүргізу барысында барлық басқа ауыспалылар, оның ішінде пайыз мөлшерлемесі өзгеріссіз қалады деп болжау жасалды.

<b>мың теңге</b>	<b>Пайда немесе залал</b>	
	<b>Теңгенің нығаюы (20%)</b>	<b>Теңгенің әлсіреуі (20%)</b>
<b>2019 жылдың 31 желтоқсаны</b>		
АҚШ доллары	60,413,044	(60,413,044)
<b>2019 жылдың 1 қаңтары (Қайта есептелді)</b>		
АҚШ доллары	42,983,994	(42,983,994)

\* 10 Ескертпесінде көрсетілгендей, сенімгерлік басқару шарттарының талаптарына сәйкес Компания есеп-айырысқан кезде пайда болатын бағамдық айырманы қамтитын сенімгерлік басқару бойынша қажетті шығынның өтелуіне құқылы. Компания қарыз бойынша негізгі борышты төлеген сәтте алынатын өтемақыны есептеу әдісімен таниды.

## **27 Байланысты тараптар**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның құрылтайшысы болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияны түпкілікті нәтижеде бақылайтын тарап болып келеді.

«Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» 24 ХБЕС сәйкес егер кәсіпорындардың байланысты тараптарымен қарым-қатынастары:

- а) бақылайтын, бірлескен бақылауға ие немесе Компанияға айтарлықтай ықпалы бар үкіметімен;
- б) бақылайтын, бірлескен бақылауға ие немесе оларға айтарлықтай ықпалы болуының салдарынан байланысты тарап болып табылатын өзге кәсіпорынның болуымен шартталса, онда Компания байланысты тараптармен жасалынатын операцияларға және осындай операциялар бойынша қалдықтарға қатысты ақпаратты ашып көрсетуге қойылатын талаптарды қолданудан босатылады.

### **Басқарушы қызметкерлермен жасалатын операциялар**

#### ***Аға буын қызметкерлеріне сыйақы беру***

Аға буын қызметкерлерінің есеп беру жылында алған сыйақылары 70,847 мың теңге (2018 ж.: 85,636 мың теңге) сомасын құрады.

**Байланысты тараптармен жасалатын өзге операциялар**

мың теңге	31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі мәмілелер сомасы		31 желтоқсандағы жағдай бойынша есеп-ауырысу қалдығы	
	2019 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2018 ж.
<b>Комиссиялық сыйақылар бойынша кіріс</b>	<b>850,826</b>	<b>687,758</b>	<b>26,523,446</b>	<b>(97,133,021)</b>
«Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» РММ	850,826	687,758	26,523,446	(97,133,021)
<b>Болашақ кезеңдегі шығындар бойынша кейінге қалдырылған өтемақы</b>	<b>1,544,159</b>	<b>1,105,172</b>	<b>87,894,174</b>	<b>63,520,981</b>
«Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» РММ	1,544,159	1,105,172	87,894,174	63,520,981
<b>Кейінге қалдырылған өтеулер бойынша міндеттемелер</b>	<b>6,720,203</b>	<b>4,517,843</b>	<b>(79,263,011)</b>	<b>(63,520,981)</b>
«Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» РММ	6,720,203	4,517,843	(79,263,011)	(54,896,989)
<b>Қызметтерді сатып алу:</b>	-	-	-	<b>99</b>
«Самұрық Қазына Келісімшарт» ЖШС	-	-	-	99
<b>Дивиденд төлеу:</b>	-	<b>(16,471)</b>	-	-
Жалғыз акционер	-	(16,471)	-	-

2019 жыл ішінде Компания байланысқан тараптарға қызметтерді 100% толық мөлшерде өткізді (2018 ж.: 100%).

233 бағдарламасы бойынша инвестициялық жобаларын қаржыландыру мақсатында алынған қарыздар бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілгер болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынған кепілдеменің жалпы сомасы 2,577,789 мың АҚШ долларын және 138,269,964 мың теңгені құрайды (2018 жылы: 1,922,615 мың АҚШ доллары).

## 28 Есептік мерзімнен кейінгі жағдай

2020 жылғы қаңтарда Компания Қытай Эксимбанкпен қол қойылған кредиттік келісім шеңберінде жалпы сомасы 2,873,983 АҚШ долларын құрайтын қаржыландыруды алды.

2020 жылғы қаңтарда компания ЕҚДБ 2016 жылғы 18 ақпанда және 2016 жылғы 26 қазанда қол қойылған несие желілерінің негізгі келісімшарттары шеңберінде жалпы сомасы 177,683 АҚШ доллары көлемінде қаржыландыру алды.

2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, сондай-ақ 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап осы қаржылық есептілік шығарылған күнге дейінгі кезеңде компания оң капиталмен байланысты қаржылық коэффициентке қатысты Еуропалық Қайта Құру және даму банкінен (ЕҚДБ) ұзақ мерзімді қарыздар бойынша белгіленген талапты (ковенант) бұзды. Бұл бұзушылық 2018 жылы 34,727,447 мың теңге мөлшеріндегі бағамдық айырмадан шығындарды тануға байланысты болды.

Коронавирус індетіне және мұнайды экспорттаушы елдер ұйымы отырысының қорытындысына байланысты 2020 жыл ішінде мұнай бағасы айтарлықтай төмендеді, бұл қазақстандық теңгенің құнсыздануына алып келді. Қаржылық есептілікті шығару күніне компания басшылығы осы өзгерістің компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына әсерін талдауды аяқтамады, алайда 58-бетте ұсынылған сезімталдықты талдау есепті күнге компанияның қаржы активтері мен міндеттемелеріне айырбастау бағамдарының ықтимал өзгеруінің әлеуетті әсерін ашады. 2020 жылы компанияның қаржылық нәтижелеріне кез келген кейінгі әсерін қоса алғанда, вирустың неғұрлым ауқымды әсерін және мұнай бағасының төмендеуін және олардың Қазақстан экономикасына әсерін осы қаржылық есептілік бекітілген күнінде анықтау мүмкін емес.